онлайн маршруттар және интерактивті карталар әзірлеу қосымша білім беру педагогінің жұмысын жаңа деңгейге көтереді. Бұл тәсілдер білім алушылардың қызығушылығын арттырып, туризмді заманауи форматта дамытуға мүмкіндік береді [3, 48 б.].

Қосымша білім беру педагогінің практикалық қызметінде туризм бағытындағы жұмыстар білім алушылардың тұлғалық дамуына айрықша ықпал етеді. Туристік-өлкетану іс-шараларын ұйымдастыру барысында оқушылардың танымдық қызығушылығы артып, өздігінен іздену, бақылау және талдау дағдылары қалыптасады. Практикалық сабақтар мен жорықтар теориялық білімді өмірмен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды. Қазақстандағы туризмнің дамуы қосымша білім беру жүйесі үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Туризм – білім алушылардың тұлғалық дамуын, патриоттық тәрбиесін және салауатты өмір салтын қалыптастырудың тиімді құралы. Қосымша білім беру педагогінің кәсіби шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті мен шығармашылық ізденісі туризмді дамытуда шешуші рөл атқарады. Сондықтан туризмді қосымша білім беру үдерісіне жүйелі енгізу – педагогтің кәсіби қызметінің маңызды бағыты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Ыбыраева А.Т. Туризм және өлкетану негіздері. – Алматы: Мектеп, 2018 жыл. – 472 бет.
3. Мазбаев О., Асубаев Б., Тоқпанов Е. «Туризм және өлкетану негіздері». - Астана: Фолиант, 2013 жыл. - 152 бет.





Қойнауы құт, жері бай - өркенді өңір

(Жер атаулары туралы зерттеу жұмысы)



СУЛИМЕНОВА
Гулбаршын Зайдуллиевна,
АБЖТО-ның ҚББП-і,
музей жетекшісі,
Ақжайық ауд., БҚО

*«Жырлаймын жүріп өткен жерлерімді,
Зерттеп біліп, танымын көлдерімді.
Мақтан етем дүниенің есігін ашып,
Көнеккеткен жерінде келгенімді.
Түсіндірсем, «Көнек» деп аталатын
Түйенің мойын терісінен жасалатын
Кәдімгі су таситын шелек қой бұл,
Неліктен атады екен жердің атын?
Ауқатты адам тұрыпты, әбден байып,
Шалқып, тасып көл шетіне малын жайып.*

*Ерке қызы су маңында ойнап жүрсе,
Шелегі суға кетіп, болған гайып.
Содан бері аталған Көнеккеткен,
Бұл жағдай аңыз болып бізге жеткен.
Бүгінде түтіні түзу, көркем ауыл
Тамаша табиғатты, жері көркем!...»*

**Мүтиев Айдар Болатұлы,
«Көнеккеткен құтты мекен»
өлеңінен үзінді.**

Аңдатпа. Бұл зерттеу жұмысында Көнеккеткен ауылының жер-су атауларының шығу тарихы мен мағынасы талданады. Ауыл төңірегіндегі 40-тан астам жер атауларының астарында жатқан тарихи деректер, аңыз-әңгімелер мен табиғи ерекшеліктер сөз болады. Тарихи атаулар арқылы туған өлкенің рухани, мәдени құндылықтары мен табиғи байлығы сипатталады. Зерттеу ауылдың қалыптасу тарихын, ата-баба мұрасын ұрпақ санасына сіңіруді мақсат етеді.

Аннотация. В данном исследовании рассматривается история происхождения и значение топонимов села Көнеккеткен. Под более чем 40 топонимами окрестностей села скрываются исторические сведения, легенды и природные особенности. Через исторические названия описываются духовные и культурные ценности родного края, а также его природное богатство. Цель исследования - познакомить новое поколение с историей формирования села и наследием предков.

Кілт сөздері: туған жер, жер атаулары, топонимика, аңыз-әңгімелер, Әлжан сор, Құмарауыл, Әліп, Мұқаш, Иманқұл, Шотан, Мырзахмет, Жанияр, Лұқпан, Өгізқора, Қойбас, Мойылды, Ақтомар, Қызылақырап, Апақ, Ақсуат, Ақтөбе, Қызылжар, Қарасу, Сарыжала, Қарамектеп, Қартжайық, Көнеккеткен, Қамыстыкөл, Алтыкүтір, Қоскүтір, Тасиеген (Тайлан құдығы), Жаңақұдық, Ақшығыр, Таласқұдық, Мосағаш, Жасырынбақ, Ащы.

Ауылдың «Көнеккеткен» деп аталуы оның іргесіндегі шағын көлдің атауына байланысты қойылған. «Көнек» - түйенің мойын терісінен жасалған үлкен қауға шелек. Аңыздарға сәйкес (бірнеше нұсқасы бар) көктемде су тасыған кезде қауға шелек, яғни көнек, сол көлге суға кеткен. «Көнеккеткен» деп аталуының тағы бір дәлелі

- ауыл қарияларының айтылуымен жазылған тарихы да бар. Ертеде бір ауқатты адам осы жерде қоныстанып, боталаған түйесін, тебісе білген биесін, маң-маң басқан ірі қарасы мен қойларын өрбітіп, шалқып өмір сүрген. Түйенің мойын терісінен шелек жасап, көлден су алып отырған. Бірде осы үйдің ерке қызы түйенің мойын

терісінен жасалған шелекті (көнекті) алып суға барады. Су маңында ойнап отырып, әлгі шелегі суға батып кеткен екен. Сол кезден бастап ауыл «Көнекеткен» деп аталған.

Ал, Ұлы Отан соғысының ардагері, ардагер ұстаз Шари ата:

...Жел соқса, көбік шашқан толқындары,

Орман, ағаш жағада солқылдайды.

Сазан, шортан, сақ балық сапырылып,

Орғып, қағып суыңда шалпылдайды.., - деп толғауы да тегін емес. Асан Қайғы бабамыз Жерұйықты іздеп, желмаясымен жортып жүргенде «Шөбің семіз, қарың мол, топырағың майда екен» дегендей жер. Осы орайда, біз ауылымыздың тарихына тоқталмақпыз:

Кеңес өкіметі орнағанға дейін бұл аймақ Қарасу болысына жататын. Болыс орталығы Кіші Қарасуда орналасқан. Қаратай қынық Рамазанов Нұрғали 1913–1916 жылдары осы жерде болыс қызметін атқарған. Ал Нұрғалидан бұрын, 1911–1912 жылдары, Шадьяров Абілқайыр ағамыз болыс болған екен (Кабашев Опаның қарт атасы және әжесі Шадьярова Катима 1916 жылы қайтыс болған.) Ол кісі болыс болып тұрған кезде болыс орталығы Әбіш төбесі болған (қазіргі Қызылақырап). Кейін ол оқытушы қызметіне ауысқан. Нұрғалидан кейін, 1916 жылдары, Қарасу болысына сарт, шомаш Шотқалақ Наурызғали тағайындалған. Болыстың хатшысы ретінде Тяжбаев Жүніс қызмет атқарған, кейін хатшылыққа Ораз Исаев келген. 1920 жылдан бастап Дуана болысы құрылған, орталығы Дуана (қазіргі Октябрь) болған. Дуана болысына Қарабас болысы қосылған. Дуана болысының аумағы Сахарный мен Қаршадан бастап Шалқарға дейін созылған. Дуана болысын Өктеш Шадьяров ағамыз басқарған (манағы Катима әжей - Өктештің кемпірі). 1921–1924 жылдары бастауыш мектеп ашылған. Мұнда Сулейменов Закиржан, Доскалиев Байрот, Шынкереев Сани деген кісілер оқытушы болып жұмыс жасаған. 1926 жылы Ш.К.М. (школа крестьянской молодежи) орысша және қазақша 6 кластық мектеп болып ашылған. Мектептің меңгерушісі кердері Турғынбаев Тәжікерей болған (1960 жылдарға дейін Кеңес өкіметінде оқытушы қызметін атқарған). Сонымен қатар, Унашев Шайхы Октябрь мектебінде мұғалім болып жұмыс істеп, Ленин орденімен марапатталған.

Осы жылдары көшпелі Қызыл бұрышты Күшпен Сағира Аубакирова басқарған. 1925 жылы Қосшы (мойын, серік) ұйымдастырылып, оны Наушов Ержан, Дуананың азаматы басқарған. Кеңестің председатели болып Бекеев Каймуш

тағайындалған, ал бастауыш партия комитетінің хатшысы Бүкі руынан шыққан Ажайтов деген азамат болған.

Көнекеткен – Ақжайық ауданында орналасқан ауыл, әкімшілік округтің орталығы. Аудан орталығынан оңтүстікке қарай 25 км жерде, Жайықтың сол жағалық аңғарында бетеге, боз, жусан және басқа да шөптесін өсімдіктер өскен сортаңдау, бозғылт-қызғылт шалғынды, қоңыр топырақты шөлейт белдеуде орналасқан. Көнекеткен ауылына қарасты Қамыстыкөл атты бөлімше бар. Ауыл іргесі 1936 жылы қаланған. 1966–1997 жылдары ол 22-партсъезд қой өсіру ұжымдарының орталығы болған. Осы ұжым негізінде 1997 жылы Көнекеткенде және Қамыстыкөлде 24 шаруа қожалығы құрылды. Бұл округте Ораз Исаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп, мектеп жанындағы интернат, Қамыстыкөл бастауыш мектебі, дәрігерлік амбулатория, мәдениет үйі, «Балапан» шағын орталығы және әкімшілік орталығы орналасқан.

Жалпы халық саны - 1245 адам. Оның ішінде Көнекеткенде 1001, Қамыстыкөлде 244 адам тұрады. Тұрғындар басқа елді мекендерге автомобиль жолы арқылы қатынасады. Жергілікті халық мал шаруашылығымен және бау-бақша өсірумен айналысады. Көнекеткен ауылынан 4 шақырым жерде орналасқан тоғайда аң мен құс өте көп. Қартжайық, Әлжан, Қойбас, Сарқырама, Мойылды, Ащы атты өзен-көлдерде балықтың алуан түрі кездеседі. Ауыл тұрғындарына тұрған жері қолайлы, шөбі малға шүйгін, табиғаты тамаша. Бүлдірген мен мойылды жергілікті тұрғындар азық ретінде пайдаланады. Әсіресе, жаз айларында жер көгалданып, ауыл көркін келтіреді. Қамыстыкөлді кезінде «Ерубай төбесі» деп те атаған. 1938 жылдарға дейін шағын колхоз болған, кейін Фурманов ауыл советіне қосылған. Ауыл айналасында қамысқа толы суы бар көлшік орналасқан. Бүгінде ауылда 244 тұрғын бар. Қазақ тарихы әр дәуірде, әр кезеңде өз ой-парасатымен, білік-білімімен, ел басқару дарынымен, кемеңгерлік болмысы арқылы ұлт дамуына және әлемдік құндылықтардың молаюына үлес қосқан тұғырлы тұлғаларға кенде емес. Сол айтулы тұлғалардың бірі - аса көрнекті партия және мемлекет қайраткері, айтулы шешен, табиғатынан көшбасшылыққа жаралған Ораз Исаев Жанұзақұлы, ол Қамыстыкөл ауылында дүниеге келген.

1967 жылы мектебімізге Қазақ АССР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы, қоғам қайраткері, жерлесіміз Ораз Жанұзақұлы Исаевтың есімі берілді. Қамыстыкөл ауылы табиғаты көркем, шөбі

шүйгін, тоғайлы мекен.

Қойбас - кішкене көлшік. «Қойбас көлшігі» деп аталып кеткен. Бұл жерде бұрын ауқатты, топ рулы ел тұрған деседі. Қойбас маңындағы зират басында үлкен құмыра қойылған. Бұл құмыраның сыры қазіргі таңда зерттеліп оқылды. Қарасу – ауылдан 2 км жерде, кезінде малдың қысқы қыстауы болған жер. Көктемде айналасындағы сай-сала сумен толысады. Тарихы терең, зерттеуді қажет ететін жер ауылымыздан 6 шақырымдай жерде орналасқан. Профессор М. Вяткиннің «Сырым батыр» атты еңбегінде Саржаланың немересі Бекбайұлы Қойбастың би болғаны айтылады. Кітапта «Қойбас би Исатай, Жәңгір ханмен тұстас, аз-кем ағалығы болған, ел билігіне араласқан» делінген. Қойбас би тарихта белгілі тұлға болған. Біз ойша болжам жасай отырып, айтулы тұлғалардың ат ізі біздің өңірге де жеткен болар деп түйіндейміз. Себебі Саржала, Қойбас деген жер атаулары тегін берілмеген.

Саржала – тарихи жерлеріміздің бірі, ауылымыздан шамамен 4 шақырым жерде орналасқан. Жазғы жайылымға қолайлы өңір. Атырау облыстық өлкетану музейінің ғылыми-зерттеу бөлімінің меңгерушісі Нұргүл Ерболатқызының «Саржала батыр хақында» атты зерттеу жұмысында XVIII ғасырда өмір сүрген, өлкемізде орыс отаршылдарына қарсы белсене күрескен батырларымыздың бірі – Саржала екені баяндалады. Саржаланың азан шақырып қойған шын есімі – Өмірзақ. Сырым Датұлы көтерілісі кезінде ол көтеріліске қосылып, әскердің айбынды батырының біріне айналған. Профессор М. Вяткин «Сырым батыр» атты еңбегінде XVIII ғасырдың соңғы ширегінде Батыс Қазақстанда болған ұлт-азаттық көтерілісте Саржаланың Сырыммен үзеңгілес жүріп, қол бастағанын баяндайды [1]. Өлкеміздің дербес ардагері Ә. Ғабдуллиннің «Саржала батыр» атты мақаласында («Халық кеңесі» газеті, 7 сәуір, 1997 ж.) [2] батыр жайында нақты деректер келтірілген. Аңыз бойынша, Саржала батырдың көзі шегір, алыстан көретін адам болған. Дендер тауында тұрып, Жайықтан өтіп келе жатқан қалмақ қолын байқап: «Бұл жаудың алды көк найза, қан екен, арты май екен», – депті. Содан кейін жауды бір қанаттан орағытып, соңынан тиіп тоздырған екен делінеді. Саржала жер атауының осы тұлғаның есімімен сәйкес келуі тегін емес. Сондықтан бұл өңір терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Қызылақырап – Көнекеткеннен солтүстікке қарай 7 шақырым жерде орналасқан. Айналасы биік қабақпен қоршалған. Ертеректе бұл жерде Бақтияр мешіті болған. 1940–1950 жылдары бас-

тауыш мектеп жұмыс істеген. Қызылақырап ұзақ уақыт бойы «Әбіш төбесі» деп аталып келген. Елді мекенді Әбіш ақсақал басқарып, малын бағып, осы жерде өмірден өткен. Ал Қызылақырап атауы колхоз кезінен қалған.

Әлжан – Әлжан есімді сардар мекендеген тоғай ішіндегі саялы жер деп айтылады ауызша әдебиетте. Әлжан сардар Дуанаға жақын жердегі Әлжан сорымен осы тоғай арасында мал жайған. Әлжанның күншығыс бетіндегі сор жазғы жайлауы болса, тоғай іші қысқы орын болған делінеді. Тоғайдағы кішігірім көлшік те Әлжан есімімен аталады. Бұл саялы, көк майсалы жер ауылдан шамамен 4 км қашықтықта орналасқан. Бүгінде бұл жер жазғы демалушылар тынығатын орынға айналған. Қырлықтағы Әлжан тұзды сорына ем алушылар жазда көп келеді. Ауызекі әңгімелерге қарағанда, емдік қасиеті шілде айында ерекше болады деп ауыл қарттары айтады. Егер бұл аңыз шындыққа сәйкес келсе, Әлжан сардар біздің елді мекенге келген деген болжам жасауға болады. Сондықтан бұл жер терең әрі жан-жақты зерттеуді қажет етеді.

Ащы – сай саласы көп, нулы жер. Ащы өзені сазан, шортан және басқа да балық түрлеріне бай. Аңыз бойынша, өзен топ жылқылар ізінен пайда болған дейді. Шалқар маңында қоныстанған Есенкелді есімді бай жылқыларын 80 шақырым жерге жайған. Жылқылар Жайықтан су ішіп, Ащы бойында тебіндеген. Содан кейін жылқының топ ізінен су шығып, Ащы өзені пайда болған делінеді. Ертеректе Шалқар мен Ащы қар суымен толысып, бір-біріне жалғасып тұрған екен. Оқушымыз Сапарова Арудың «Ащының оңтүстік сағасы» өлеңінен өзен туралы мынадай дерек алуға болады:

«Қорғауға алынған өлке облыста,
Көп балық, аң мен құс осы тұста.
Көктем мен қыста мүлдем бара алмайсың,
Жатады қалың қармен бес ай қыста...»

Мойылды – мойыл ағаштары көп өсетін тоғай ішіндегі үлкен алқап.

Тасшеген – қазіргі атауы, бұрын Тайлан құдығы деп аталған, қысы-жазы мал бағуға арналған орын. Ертеректе тұрғындар құдық қазып, Шалқардан тас әкеліп, құдық ішін таспен өрген. Құдық асты теңіз тәрізді, суы мол болып, жер бетіне атқылағандықтан, су көзін таспен жапқан. Күні бүгінге дейін құдықтың су шығар көзі таспен жабулы тұр. Ауыл қарияларының айтуынша, құдық ішінің кеңдігі түйе айналып жүргендей екен. Зерттеулерімізге сүйене отырып, Әйтімбет қорымындағы № 4 құлпытаста «Тайлан мырза» деп белгі қойылғаны, сондай-ақ ауылымыздан

шамамен 30 шақырым жерде орналасқан Өлеңті ауылында Тайлан қорымы бар екені анықталды. Сол себепті Тайлан құдығы, Тайлан мырза және Тайлан қорымы атаулары тегін берілмеген деген болжам жасауға болады. Сондықтан бұл жерлерді терең зерттеу қажет.

Байтоқа – ауылымыздан шамамен 6 шақырым жерде, солтүстік-шығыс бағытында орналасқан. Колхоз кезінде бұл жерде Шопан жайлауы болған.

Ақай – кісі есімімен аталған жазғы орын. Көнекеткен мен Шалқардың шекаралас жерінде орналасқан. Ұзақ уақыт бойы осы жерде колхоздың отар-отар қойлары бағылған.

Ақтомар – айналасы Ақтеректерге толы шағын көлшік. Су маңында құндыздар көп болғандықтан, ағаштар қым-қиғаш құлап жатады.

Ақтөбе – жері құмдасын, шабындық жерлері көп елді мекеннің атауы.

Ақсуат – ауылдан 9 км жерде орналасқан су. Суы ешқашан сарқылмайды. Тоғай іші саялы, мал бағуға ыңғайлы болғандықтан, адамдар қоныстанып, үй салған. Қазір бұл жерде елді мекен бар.

Ақшығыр – терең қазылған құдығы бар, су тартатын шығыры биік, ағаштан жасалған елді мекеннің атауы. Шығыр атауы құдыққа байланысты берілген және колхоз кезінде қой малы бағылатын жазғы орын болған.

Апақ – атақты кісі есімімен аталған жер. Шағын көлшік маңында тұнық суы бар құдық қазылған. Қазіргі таңда бұл жер елсіз.

Алтыкүтір – үй санына қарай аталған, қой бағылатын жазғы орын.

Әліп – кісі есімімен аталатын, сайында мол суы бар және мал жайылған жазғы орын. Кейбір аңыздарға сүйенсек, Әліп деген батыр болған деседі. Қариялардың айтуынша, сол жерде ол жау қолынан қаза тапқан. Содан Әліп батырдың жақтастары оның сүйегін жерленген жерінен алып кеткен көрінеді. Сол себепті бұл жер Әліп деп аталып, батырдың сүйегін алғаннан кейін тырнағы қалған соң белгі ретінде қалдырылған. Әліп жері де терең зерттеуді қажет етеді.

Қартжайық - Жайықтың бір бөлек қойнауы. Көктемде Жайық суы тасығанда осы жерге су толады. Қойнауы құт, шөбі шүйгін, малға жайылымға өте жайлы.

Бүкіш – кісі есімімен аталатын тоғай ішіндегі ықтасын жер. Бүкіш жылқы, сиыр, қой малының бәрін де бағып, ерінбей еңбек еткен ауқатты адам болған.

Жанияр - кісі есімімен аталған жазғы демалыс орны. Қазіргі таңда Жаниярдың ұрпақтары Аңқаты ауылында тұрады. Бұл жер бүгінде қой, ірі қара,

жылқы жайылымына айналған.

Жанбасар - кісі есімінен аталған жазғы орын. Бұрын бір рулы ел тұрған. Колхоз кезінде егін жайқалған үлкен алқап болатын. Қазіргі уақытта шабындық жер.

Жасырынбақ - Ащы өзенінің сағасына жақын орналасқан, қасына бармай көрінбейтін ылди жер. Жері шабындыққа және көк майсалы жерге айналған.

Жаңақұдық - далалы жерде қазылған құдыққа байланысты берілген атау. Қазіргі таңда бұл жер шабындыққа айналған.

Иманқұл - кісі атымен аталған елді мекен. Ортасында су бар үлкен алқап. Қазіргі таңда бұл жер шабындыққа айналған және мал бағуға қолайлы.

Қарамектеп – ертеректе Бейсенбай мен Сейсенбай деген кісілер мекендеген жазғы орын. Бұл жерде діни оқу оқытатын бөлімше болғандықтан, «Қарамектеп» деп аталған.

Құмарауыл – кісі есімімен аталған елді мекен атауы. Құмар колхоз басқармасы, кейіннен орман шаруашылығының бас қарауылшысы қызметін атқарған адам болған. Қазіргі таңда бұл жер елсіз.

Қоскүтір – үй санына қарай аталған жазғы орын. Бүгінде Қарасу көлшігінің қабағындағы мал жаятын жайылым. Сонымен қатар, Қызылжар-Ащы өзенінің жар қабағы, ашық алқабы да бар. Жері құмдасын, қазіргі таңда мал бағуға арналған жазғы орын болып табылады.

Қызылшөп – Жайыққа жақын орналасқан сай. Жері құмдасын. Колхоз кезінде бақша егілген құнарлы жер.

Қосауыз – мал бағатын жазғы орын. Қазіргі кезде жалғыз ағашы мен суы бар күтір.

Қойшыкен – Төремұрат деген кісінің қой баққан жері. Ертеректе бұл мекен колхоз қоймасы болған, егін де егілген. Қазіргі таңда шабындық жерге айналған.

Қожабек - кісі есімімен аталған қасиетті жер. Зират маңында мойыл ағаштары өсіп тұр. Қазіргі кезде сол құлпытасқа сипаттама беріліп, зерттелуге жіберілді.

Қуанғали – кішігірім суы бар көлшік атауы. Қуанғали есімді адам кезінде басқарма болған, сай қабағына үйлер салғызып, ел билеген. Сол себепті Қуанғали қабағы деп аталып кеткен.

Лұқпан – Жексембай есімді қарттың әкелері қоныстанған жер. Лұқпан атамыз теріден қайыс илеп, ат әбзелдерін токудың шебері болған деседі. Осы маңда үш биік ор орналасқан, ол «Үш оба» деп аталады. Жылқы малын жайған жазғы орын ретінде пайдаланылған. Аталған Үш обаны алдағы уақытта зерттеу қажет деп ойлаймыз, себебі кол-

хоз кезінде сол бағытта жұмыстар жүргізілген деген болжам бар. Үш оба секілді темірден белгі қойылған.

Мұқаш – бұрын рулы ел тұрған мекен. Колхоз кезінде егін егілген. Қазіргі таңда жер шабындыққа айналған.

Мосағаш – қойылған белгі. Ертеректе Атыраудан түйе арбамен жүк таситын жолдарда мұнара тәрізді ағаштан жасалған белгі орнатылған.

Мырзахмет – Хами есімді қарттың аталары мекен еткен жер. Бүгінде шабындық жерге айналған елді мекен.

Өгізқора – колхоз кезінде елді мекендегі барлық өгіздерді жинап, бір жерге бағу үшін үлкен қора салынған шабындық жер.

Төре – Көнекеткеннің «Кішкене бағы» секілді. Бір ғана жолы бар қойнау. Төреде ағаштар мен өсімдіктердің түрлері көп, әсіресе бүлдірген басым. Жеті сай бар. Ертеректе бір бай адам осы төре жерінде қайтыс болған көрінеді.

Таласқұдық – Көнекеткен мен Кеңсуат арасындағы шекаралас жер. Екі ел тұрғындары қазылған құдықтан ат арбамен су тасыған.

Ударник – колхозда ең алғаш «Белсенділікпен» қой қорасы салынған жер. Қасындағы шағын көлшік те осылай аталады.

Көпті – ауылдан 3 шақырымдай жерде, Үш аша деген жермен қатарлас орналасқан. Колхоз

уақытында бұл жердегі суға қой малын арнайы салынған шағын су қоймасына тоғытқан.

Үш оба – үюлі төмпешік, қасында көлшік суы бар. 1980 жылдары зерттеуші экспедиция бір ай бойы осы жерді зерттеген, бірақ нақты мәлімет анықталмаған.

Ұлдай зираты – жалғыз құлпытас қойылған жер.

Шақай күтір – «Қабай құдығы» деп аталатын құдығы бар шалғындық жер.

Шотан – кісі есімімен аталған жер. Осы маңда «Шотан өткелі» және «Шотан бұлағы» бар. Шотанның шын есімі – Исмағұл. Бүкілтің баласы Шотан жазғы мал жаятын орындары болған.

Қорытынды. Біздің жұртымыз қоршаған ортамен қалай үйлесімді қарым-қатынас жасағанын, қандай шаруашылықпен айналысқанын, елді қалай басқарғанын, жерін қалай қорғағанын, қандай озық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қалыптастырғанын, ұрпақ тәрбиесіне қандай мән бергенін және сенім-нанымдарының ерекшелігін қазақ тарихынан көруге болады. Біз осының бәрін ауылымыздың өткенінен көз жеткізіп білеміз. Тарих – адамзаттың ең мықты тәрбиешісі екеніне халықтың көзі жеткен. Бабалар бағыты – бүгінгі бағымыздың кепілі.

Сонымен төмендегідей мекендердің атаулары мағынасына қарай бөлініп зерттеліп, тарихы жинақталды.

Р/с	Түрлері	Жер-су атаулары
1	Адам атына байланысты аталған жерлер	Әлжан, Құмарауыл, Әліп, Мұқаш, Иманқұл, Шотан, Мырзахмет, Жанияр, Лұқпан
2	Үй жануарларына байланысты аталған жерлер	Өгізқора, Қойбас
3	Өсімдік дүниесіне байланысты аталған жерлер	Мойылды
4	Түстерге байланысты аталған жерлер	Ақтомар, Қызылақырап, Апақ, Ақсуат, Ақтөбе, Қызылжар, Қарасу, Сарыжала, Қарамектеп
5	Суға байланысты аталған жерлер	Қартжайық, Көнекеткен, Қамыстыкөл
6	Үй санына байланысты қойылған жерлер	Алтыкүтір, Қоскүтір
7	Құдыққа байланысты аталған жерлер	Тасшеген (Тайлан құдығы), Жаңақұдық, Ақшығыр, Таласқұдық
8	Белгі, бір затқа байланысты аталған жер	Мосағаш
9	Белгісіз, елеусіз жерлерге байланысты аталған жер	Жасырынбақ
10	Тұздылығына байланысты аталған жер	Ащы

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1) Батыр Срым [Текст]/М. П. Вяткин; [отв. ред. С. В. Бахрушин]; Акад. наук СССР, Институт истории... – М.; Ленинград: Изд-во АН СССР, 1947.
- 2) «Халық кеңесі» газеті, 7 сәуір, 1997 ж.
- 3) Мәліметтер Ақжайық аудандық, Теректі аудандық архивтерінен алынды.
- 4) Аңыздарды ауыл ақсақалдары - тарихшы ұстаз Хамит Салахатдинұлынан, ардагер ұстаз Жандет Сарыұлы, бригадирлер Жәрдем Жоламанұлы және Әбілтай Жұмағалиұлынан және Көнекеткен – Уикипедия интернет желілерінен алынды.



Өлкетанулық іс-шара өткізудің тиімді әдістері

ИГАЗИЕВА

Алия Мейрамовна,
АБЖТО-ның «Өлкетану және
музей ісі» бөлімінің меңгерушісі,
Ақжайық ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Мақалада аудандық және мектеп деңгейінде өткізілетін өлкетанулық іс-шаралардың тиімді әдістері қарастырылған. Мақалада мектеп оқушылары мен жасөспірімдерге арналған іс-шаралар: кездесулер, көрмелер, ғылыми жобалар, олимпиадалар мен фестивальдер арқылы туған өлкені танудың педагогикалық әдістері сипатталған. Сондай-ақ, зерттеулер мен жобаларда қолданылатын ғылыми, тарихи, географиялық, әлеуметтік, картографиялық және визуалды әдістер талданған. Мақалада туған өлке тарихын зерттеу арқылы жас ұрпаққа отансүйгіштік сезімді, тарихи сананы, мәдени мұраны сақтау мен бағалауды үйретудің тиімді жолдары баяндалады.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются эффективные методы проведения районных и школьных краеведческих мероприятий. В статье описываются педагогические методы ознакомления учащихся и подростков с родным краем через встречи, выставки, научные проекты, олимпиады и фестивали. Также анализируются научные, исторические, географические, социальные, картографические и визуальные методы, используемые в исследованиях и проектах. Статья демонстрирует, как изучение истории родного края способствует воспитанию патриотизма, исторического сознания и уважения к культурному наследию среди молодого поколения.*

***Кілт сөздер:** өлкетану, туған жер, патриотизм, ұлттық рух, жасөспірімдер, мектеп, зерттеу жобасы, іс-шаралар, тарихи ескерткіштер, мәдени мұра, педагогикалық әдістер, аудан, білім беру.*

«Туған жер» деген кезде әрбір азаматтың, әрбір адамның жүрегіне тулаған шабыт пен сезім ұялайтыны анық. Себебі адам – өзінің туған жерінің төлі. Сол даланың, сол жердің, сол мекеннің меншігі. Туған жерге деген сезім мен махаббаттың өлшемі шектеулі болмайды. Ол шексіз. Осы бір ерекше шексіз патриоттық сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қандарына дарыту – парыз.

Қазіргі таңдағы оқу процесінде қолданылатын кез келген оқыту технологиясы өскелең ұрпақ бойында ұлттық рухты қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Ұлттық рух – халықтың өзін-өзі танумен айқындалатын, өскелең ұрпақтың арман-

мұраттарымен сипатталатын, елдің тұтастық идеясымен негізделетін өміршеңдік күш-қуаты. Қай халықтың болсын бойында өз табиғатына тән өзге де қайталанбас қасиеттері, мінезі, тілі болуы ұлттық рухпен тікелей байланысты. Сондықтан да ұлттық рухты қалыптастырудың негізі өлке тарихын танудан, оқып білуден басталатынына еш күмән жоқ. Әр адам өзінің туып-өскен мекенінің тарихын, жер-су атауларын және олардың қойылу себептерін, сол топырақта дүниеге келген батырлардың ерліктері мен ұлы адамдардың өмір жолын біліп өссе, туған жерге деген жанашырлығы жастайынан қалыптасады. Өлкеміздің тарихы мен өнерін

жинақтап зерттеудің мол тәжірибесі негізінде болашақ ұрпақты тәрбиелеудің қажеттілігі күннен күнге арта түсуде. Әсіресе, туған жеріміздің саңлақтарымен өткізілетін кештер мен кездесулер, танымдық сабақтар - туған өлкеге деген сүйіспеншілік сезімін оятумен қатар, өз ата-балаларын мақтан тұтуға шақырады.

Ақжайық аудандық балалар мен жасөспірімдер туризмі орталығының үйірме сабақтарында өлкетануды элементарлы оқыту әдісі бойынша мектеп географиясын оқытудағы базалық курсқа қосымша ретінде оқулықта қамтылмаған тың тақырыптар оқытылып, ғылыми әдістер арқылы географиялық зерттеудің жүйелік құрамы ретінде көптеген іздестіру-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Өлкетанулық зерттеулерді жүргізудің өзіндік әдістері (экономикалық, тарихи, географиялық, әлеуметтік, картографиялық, модельдеу, статистикалық, визуалды (байқау), анкеталық және сипаттамалық), ауданды жан-жақты танып-білуге бағытталған жүйелі өлкетанулық жұмыстар жүргізілуде.

Өлкетанудың педагогикалық, білім беру орталықтарында оқыту мен тәрбиелеудің тиімділігін

арттыру үшін қолданылатын дидактикалық-танымдық әдістер арқылы ауданымызда танымал әдебиет, мәдениет, өнер қайраткерлерімен, суретшілермен және спортшылармен таныстырудың ең белсенді түрлері жүзеге асырылуда.

Мысалы: жүйелі түрде ауданымыздағы танымал есімдермен кездесулер мен жыл ішіндегі мерейтой иелері және атаулы күндерге арналған жылжымалы көрмелер ұйымдастырылып, музей қоры насихатталады. Орталығымызда «Өлкетану және музей ісі» бөлімінің жұмыс жоспарына сай аудандық және облыстық «Туған жер – алтын бесік» олимпиадасы, «Аспан астындағы музей-қала» жарысы, «Менің Отаным – Қазақстан» слеті, «Жайық толқыны» сынды фестивальдар дәстүрлі түрде өткізіліп тұрады.

Соның ішінде туған өлке тарихын зерттеу, отансүйгіштікке баулу мақсатында тұңғыш рет «Өлкемізді өзгелер де танысын» атты жас өлкетанушыларға арналған жоба өткізілді. Жобаға 5–11 сынып оқушылары қатысты. Әр баяндамашы PowerPoint немесе басқа презентациялық құралдарды пайдаланып, тыңдаушыларға қызықты әрі мазмұнды ақпараттарды таныстыр-



ШОМБЫР БОЛАТУҒЫ
(1869-1962)
Өте қайратты, ержүрек аруақты ер болыпты. Жайық бойын жайлаған жергілікті қазақтарға күн көрсетпеген казак-орыстарға өзін мойындатқан, ерен күш иесі, батыр. Шомбыр 90-нан асып, екі үкіметтің дәуірін көріп барып қайтыс болған. Заманында осы өлкені жаулаушы казак-орыстар Шомбырдан қорыққан.




Есболай би бата беріп, Жанмырзаның 3 баласы – Есенгелді, Итемген, Сүтемген елден асқан бай болады. Бұл туралы Мұрат ақын:
«Тоғыз жыл Есболайға қоныс болған,
Жанмырза еңші алыпты Есболайдан.
Батасы Есболайдың қабыл болып,
Бай болды Есенгелді жұрттан асқан» – деп жырлаған.

ды. Жұмыстарды бағалауда баяндаманың мазмұны мен ғылыми негізділігіне, презентацияның көрнекілігі мен техникалық сапасына, оқушының өз тақырыбы бойынша терең білімі мен ойлау қабілетіне, оқушының тыңдаушылармен өзара байланысы мен түсіндіру қабілетіне, тақырыптың ашылуы мен автор ойының ерекшелігіне, берілген мәліметтерді дәлелдермен дәйектей алуына, ғылыми құндылығына назар аударылды.

Сарапқа салынған жұмыстардың тақырыптарына шектеу қойылған жоқ, соның нәтижесінде ұсынылған жұмыстар сан алуан болды: «Өлкенің мәдени ерекшеліктері (ұлттық тағамдар, киімдер, қолөнер)», «Өлкеде өмір сүрген және қазіргі таңда танымал адамдар (жазушылар, батырлар, ғалымдар)», «Өлкедегі табиғи ресурстар мен қорықтар», «Тарихи ескерткіштер тарихы» және т.б. жоба қорғаған оқушылар өз өлкесінің даму жолдарын, тарихи ескерткіштерін, өлкеде өмір сүрген және қазіргі таңда танымал адамдар туралы тақырыптарын жан-жақты аша білді. Соның ішінде Тайпақ ЖОББМ-нің 11 сынып оқушысы Өтепберген Ырысбек өз ауылының даму жолдарын зерттеп, жұмысын қорғады. Ауылдың дамуы төрт бағыттан тұрады:

1. Мемлекеттік бағдарламалар (ауылды да-

мытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары);

2. Жергілікті бюджетті арттыру (төртінші деңгейдегі жергілікті бюджет кірістерін көбейту арқылы);

3. «Рухани жаңғыру» (ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталған бастамалар);

4. Мектеп түлектерінің қолдауы (жыл сайынғы мектеп түлектерінің қайырымдылық және демеушілік көмегі).

«Өлкеде өмір сүрген және қазіргі таңда танымал адамдар» тақырыбында М. Өтемісов атындағы ЖОББМ-нің 8 сынып оқушысы, Шомбыр батырдың ұрпағы ретінде, арғы атасы туралы зерттеу жұмысын таныстырды.

Түптеп келгенде, өмірдің мәні де, сәні де ұрпақтар сабақтастығы мен өзара байланыста жатыр. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы жеке тұлғаның болмысы арқылы көрініс табады. Халқымыздың шежірелік зердесінде адам - тарихтың басты тұлғасы, ал адам сапасы - тарихтың негізгі қозғаушы күші. Тарихымызда болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалардың болғаны және олардың қоғамдық-саяси қызметтерінің сан алуан болғандығы - ақиқат.



Шомбыр ата ұстаған тобылғы таяқ Шомбырдың інісі Қабі атамның келіні – менің әжем Тілекші Шайқықызында сақталған екен. Сол жәдігерді Тілекші әжеміз өз қолымен ауылымыздағы «Жерұйық» музейіне тарту етті.

Қосымша білім беру саласындағы Батыс Қазақстан облысы герпетофаунаның үйірме жұмысындағы оқыту үрдістері



БЕКМУХАНОВА
Асель Болатовна,
АББ әдістемелік кабинетінің
қосымша білім беру әдіскері,
Сырым ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Бұл жұмыста қосымша білім беру жүйесінде герпетофауна тақырыбы аясында жүргізілетін үйірме жұмыстарының маңызы мен тиімділігі қарастырылады. Автор Батыс Қазақстан облысының жергілікті герпетофаунасын оқу процесіне енгізу арқылы оқушылардың экологиялық мәдениетін, зерттеушілік дағдыларын және табиғатқа деген жауапкершілік көзқарасын қалыптастыру жолдарын сипаттайды. Зерттеу барысында қосымша білім беру мекемелеріндегі тәжірибелік және далалық жұмыстар, сондай-ақ экологиялық үйірмелердің мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері талданады. Жұмыстың мақсаты – герпетофауна негізінде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыра отырып, экологиялық білім беру сапасын жетілдіру.*

***Аннотация.** В данной работе рассматривается значение и эффективность кружковой деятельности в системе дополнительного образования по теме герпетофауны. Автор описывает пути формирования экологической культуры, исследовательских навыков и ответственного отношения к природе у школьников через включение материалов о герпетофауне Западно-Казахстанской области в образовательный процесс. В ходе исследования анализируются особенности организации практических и полевых занятий, содержание и методические аспекты экологических кружков в учреждениях дополнительного образования. Цель работы – повышение качества экологического образования путём развития познавательного интереса учащихся на основе изучения герпетофауны.*

***Кілт сөздер:** қосымша білім, герпетофауна, экологиялық тәрбие, далалық жұмыс.*

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер баланың тұлғасын дамытуды, оның шығармашылық қабілеттерін ашуды және болашақта жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеуді талап етеді. Осы орайда баланың шығармашылық әлеуетін дамыта отырып, тәрбие жұмысына елеулі үлес қосатын қосымша білім берудің маңызы зор. Қосымша білім беру әртүрлі бағыттағы білім беру бағдарламалары арқылы қосымша білім беру мекемелерінде, соның ішінде оқушылар үйлерінде, балалар туризмі және экология орталықтарында, сондай-ақ экологиялық-биологиялық орталықтарда жүзеге асырылады.

Себебі бұл мекемелерде жасөспірімдер тәрбиеленіп, болашаққа негіз қаланады. Қосымша білім беру жүйесінде экологиялық білім берудің маңызы ерекше.


«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының призмасы арқылы зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматты қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыруда экологиялық тәрбие мен білім беру жүйесін қалыптастыру маңызды. Әр адам табиғаттың бір тұтастығын, табиғатқа ұқыпты қатынастың қажеттілігін, табиғатқа деген жауапкершілікті сезіну қажет. Экологиялық туризм бойынша

оқушыларды туризм саласына баулу маңызды. Экологиялық туризмді дамыта отырып, оқушыларға экологиялық білім беру жүйесінің биологиялық аспектілерін үйрете отырып, оларды қорғауға тәрбиелеу керек.

БҚО-дағы қосымша білім беру ұйымдарындағы экологиялық туризмнің даму тенденцияларына тоқталып қарайтын болсақ, Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы республикада 65 жылдан бері үздіксіз жұмыс жасап, тәжірибесін жанартып, дамып отырған орталық болып табылады. Республика бойынша 40 туризм орталығы болса, соның 14-і Батыс Қазақстан облысында орналасқан. Яғни, 2 облыстық және қалалық туризм және экология орталығы, 12 аудандық орталық пен жас туристер станциялары жұмыс істейді. Солардың ішінде экологиялық туризм бағытында 147 үйірме жұмыс істеп, 2404 бала тәрбиеленіп отыр. Соңғы даму көрсеткіштері бойынша төмен пайыздық деңгейде Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Шыңғырлау ауданы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жәнібек ауданы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жыл бойы оқу жоспа-

ры негізінде 1 үйірмеде 15 оқушыдан қамтып отыр. Экологиялық туризмнің тұралап тұрған аудандарының қатарына Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөкей орда ауданы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі аудан бойынша 3 үйірмеде 45 оқушыны, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Тасқала ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 4 үйірмеде 50 оқушыны тегін үйірмемен қамтып отыр.

Даму көрсеткіштері бойынша облыс бойынша қосымша білім беру орталықтары арасында орташа көрсеткіште Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қазталов ауданы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 10 үйірме 150 оқушы, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Қаратөбе ауданы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризм және экология орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 үйірме 120 оқушы, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Сырым ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 10 үйірме 112 оқушы, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Балалар мен жасөспірімдер



1-сурет. «Жас туристер станциясы» мен «Экологиялық туризм» орталықтарының экологиялық үйірме желісі және қамтылған оқушылар санының қорытынды диаграммасы

туризм және экология облыстық орталығы мекемесінде 11 үйірме 126 оқушы, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бәйтерек ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 13 үйірме 174 оқушымен қамтылған.

Жоғары көрсеткішке ие экологиялық туризм жұмыстарын насихаттап, елеулі жетістіктерге жеткен аудандар мен орталықтар: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Жаңақала ауданы білім беру бөлімінің «Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 14 үйірмеде 218 оқушы, Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Орал қаласы білім беру бөлімінің «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» мемлекеттік мекемесі қала мектептерінің ішінде 50 жалпы білім беретін орта мектептің 33 үйірмесінде 554 оқушыны қамтып отыр. Облыс бойынша экологиялық туризм оқушылары арасында алдыңғы қатарлы аудан – Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Ақжайық ауданы білім беру бөлімінің «Балалар-жасөспірімдер туризмі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 44 үйірмеде 660 оқушыны қамтып, облыс бойынша 60% экологиялық туризмді дамытушы аудан ретінде басымдық көрсетіп отыр (1-сурет).

Бұл шолу қазіргі заманғы терминологияда Орталық Азияның құрамында орын алатын Орта Азия мен Қазақстандағы герпетологиялық зерттеулерге арналған. Орталық Азияның герпетологиялық әртүрлілігін зерттеудің ұзақ тарихы бар, ол тәуелсіз зерттеу саласын құрайды. Олардың дамуында бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге болады, олардың біріншісінің мазмұны зерттеушілердің Азияға деген ұмтылысындағы ерте экспедициялармен байланысты. П.С. Паллас пен И.И. Лепехиннің алғашқы академиялық экспедицияларынан бастап, жаратылыстанушылардың қызығушылығы осы кең зерттелмеген аумаққа байланысты болды. Энциклопедиялық және ұлы саяхатшылардың көрнекті зерттеушілерінің саңлақтар тобына Э.И. Эйхвальд, А.А. Кайзерлинг, В.А. Перовский, А.И. Шренк, Г.С. Карелин, Г.И. Радде, Г.И. Сиверс, Э.А. Эверсман, О.А. Грим, А.И. Леман, О. Беттгер, В.Д. Аленицын, Н.А. Северцов, М.Н. Богданов, А.П. Федченко, С.Н. Альфераки, П.Ю. Шмидт, Н.А. Зарудный, Л.С. Берг және басқалары жатады. Бұл тарихи кезеңде герпетологиялық зерттеулер көбінесе жеке ғылыми салаға бөлінбеді және күрделі зоологиялық

жұмыстардың бөлігі ретінде жүргізілді. XX ғасырда кең ауқымды герпетологиялық зерттеулер жүргізілді, фаунаға алдын-ала түгендеу жүргізілді, көптеген түрлер сипатталды, түрлер құрамының синопсисі жасалды, Орта және Орталық Азияның қуаң аймақтарына зоогеографиялық талдау жүргізілді. Мұны алғаш рет көрнекті герпетолог А.М. Никольский жасаған, және біздің Герпетологиялық қоғам оның атымен аталады. XX ғасырдағы зерттеу тарихы және алдыңғы кезеңдерде жинақталған сипаттамалық және салыстырмалы деректерді аналитикалық түсінуді қажет ететін зоологияның герпетологиялық саласының қазіргі тенденциялары егжей-тегжейлі қарастырылады. Қазіргі уақытта зоологиялық зерттеулерде филогенетикалық контексте әртүрлілік құрылымын, түрдің пайда болуын және экогеографиялық тенденцияларды зерттеу нәтижелерін қамтитын интегративті тәсілді қолдану өзекті болып отыр. Шын мәнінде, бұл герпетологтардың көптеген ұрпақтарын шатастыратын мәселелерді шешуге мүмкіндік беретін молекулалық-генетикалық әдістерді қолданатын интегративті тәсіл. Салыстырмалы талдау көкжиектері жаңа, бұрын зерттелмеген аумақтарды зерттеушілер үшін қолжетімділіктің жоғарылауына байланысты кеңейде. Алынған мәліметтердің қорғалатын аумақтарды бөлуге және модельдік топтардың нақты түрлерінің, соның ішінде бауырымен жорғалаушылардың экологиялық мәртебесін бағалауға арналған ұсыныстарды дайындаудағы практикалық маңызы бар. Бауырымен жорғалаушылардың модельдік топтарындағы интегративті зерттеулердің мысалдары келтірілген (тасбақалар мен кесірткелердің әртүрлі топтарында).

Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе және Маңғыстауды қамтитын Батыс Қазақстан аумағы ландшафттардың алуан түрлілігімен және флора мен фаунаның жоғары түрлік байлығымен ерекшеленеді. Қолда бар биоалуантүрлілік экотуризмді дамыту арқылы табиғатты бақылау және қоршаған ортаны тану үшін ыңғайлы объект болып табылады. Соңғы жылдары қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушыларды табиғатқа – герпингке барған кезде мақсатты іздеу қызметі танымал бола бастады.

Бір жағынан жануарлардың осы топтарына деген қызығушылықтың артуын, ал екінші жағынан олардың аз зерттелуін және жеке-леген түрлердің ынттылығын ескере отырып, экологиялық туризмнің бөлігі ретінде және оның

аймақтағы даму кезеңі ретінде қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушыларға бақылау жүргізу мүмкіндігін ғылыми тұрғыдан қарастыру өзекті болып көрінеді.

Әдеби деректерді талдау негізінде Батыс Қазақстанда қосмекенділердің 7 түрі және бауырымен жорғалаушылардың 28 түрі тіркелген. Қосмекенділер келесі түрлермен ұсынылған: қызыл қарынды *Bombina bombina* (Linnaeus, 1761); сарымсақ Паллас *Pelobates fuscus* (Laurenti, 1768); сұр бақа *Bufo bufo* (Linnaeus, 1758); жасыл бақа *Bufo sitibundus* (Pallas, 1771); өткір жүзді бақа *Rana arvalis* (Nilsson, 1842); көл бақа *Pelophylax ridibundus* (Pallas, 1771) (2-сурет).



**2-сурет. Көл бақа
(*Pelophylax ridibundus* Pallas)**

Батыс Қазақстанда мекендейтін бауырымен жорғалаушылар үш отрядқа жатады: тасбақалар (*Testudines*), кесірткелер (*Sauria*) және жыландар (*Ophidia*). Тасбақалардан батпақты тасбақа *Emys orbicularis* (Linnaeus, 1758), Орта Азия тасбақасы *Testudo horsfieldii* (Gray, 1844) сияқты түрлерді кездестіруге болады.

Кесірткелер келесі түрлермен ұсынылған: жылтырауы жармысқы *Teratoscincus scincus* (Schlegel, 1858); Эверсманн тарақсаусақ жармысқысы *Crossobamon evermanni* (Wiegmann, 1834); шикылдақ жармысқы *Alsophylax ripiens* (Pallas, 1827); сұр жармысқы *Mediodactylus russowii* (Strauch, 1887); каспий шисаусақ жармысқысы *Tenuidactylus caspius* (Eichwald, 1831); дала ағамасы *Trapelus sanguinolentus* (Pallas, 1814); дөңгелек басы-айналмалы құйрық *Phrynocephalus guttatus* (Gmelin, 1789); құлақ дөңгелек басы *Phrynocephalus mystaceus* (Pallas, 1776); епті

кесіртке *Lacerta agilis* (Linnaeus, 1758); жылдам кесіртке *Eremias velox* (Pallas, 1771); түрлі түсті кесіртке *Eremias arguta* (Pallas, 1773); орташа кесіртке *Eremias intermedia* (Strauch, 1876); жолақты кесіртке *Eremias scripta* (Strauch, 1867); торлы кесіртке *Eremias grammica* (Lichtenstein, 1823). Жыландардан - құмды жылан *Eux miliaris* (Pallas, 1773); кәдімгі жылан *Coronella austriaca* (Laurenti, 1768); өрнекті жылан *Elaphe dione* (Pallas, 1773); Паллас жыландары *Elaphe sauromates* (Pallas, 1814); қарапайым жылан *Natrix natrix* (Linnaeus, 1758); су жыланы *Natrix tessellata* (Laurenti, 1768); жолақты жылан *Platycephalus karelini* (Brandt, 1838); жебе-жылан *Psammophis lineolatus* (Eichwald, 1831); шығыс дала жыланы немесе Ренара жыланы *Vipera renardi* (Christoph, 1861).

Жоғарыда аталған жыландардың ішінде улы үш түрі бар екенін білу маңызды: жебе-жылан *Psammophis lineolatus*, дала жыланы *Vipera renardi* және қарағандүмсық *Gloydius saganus*. Алайда, жылан жебесінің шағуы адамдарға қауіп төндірмейді, өйткені оның улы өткізгіш борозды тістері жақ сүйегінің артқы жағында орналасқан.

Жебе-жылан адамды осы тістермен тістей алады, тек адамның саусағы оның аузына терең енген жағдайда ғана. Жыланның шағуы адамдардың ғана емес, үй жануарларының да денсаулығы мен өміріне қауіп төндіреді. Батыс Қазақстанның басқа жыландарынан айырмашылығы – олардың жоғарғы жақ сүйектерінде екі үлкен улы түтікшелі тіс пен қалқанша бездерінің болуы.

2024 жылғы 27 сәуірде Батыс Қазақстан облысында Орал өзенінің оң және сол жағалауындағы екі жерге герпетологиялық зерттеу жүргізілді: Свистун гора (51°07'23.7» N 51°17 '38.4» E және 51°06'38.7» N 51°16'06.4» E) және Подстепное ауылының маңы (51°05'52.1»N 51°31'20.6»E және 51°04'54.0»N 51°33 '54.1» E). Нәтижесінде бауырымен жорғалаушылардың үш түрі кездесті: батпақты тасбақа *Emys orbicularis*, епті кесіртке *Lacerta agilis* және дала жыланы *Vipera renardi*. Қосмекенділерден *Pelophylax ridibundus* көл бақасы табылды. Кездескен түрлердің дәрежелері 1-кестеде келтірілген.

Мақсатты бақылаулар үшін ең қолайлы, саны жоғары жануарлардан (4 ұпай - көптеген түрлер) көл бақа *Pelophylax ridibundus*, епті кесіртке *Lacerta agilis*, батпақ тасбақасы *Emys orbicularis* су қоймаларында бақалармен бірге кездеседі, бірақ сирек кездеседі. Бұл түр өзінің сақтығымен ерекшеленеді, адамды алыстан анықтайды және суға тез сүңгіп, тереңдікке кетеді,

бұл оны бақылауды қиындатады. Дала жыланымен кездесулер тұрақты және жеке сипатта болды. Бұл түрдің уыттылығын ескере отырып, оны ғылыми мақсатсыз бақылау немесе іздеу үшін қолдануға болмайды (1-кесте).

1-кесте. Батыс Қазақстан облысында мекендейтін қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың көптігі бойынша М.В. Пестов әдісімен бағалау жұмысы

Түр	Орналасқан жері	
	Свистун гора	Подstepное ауыл маңы
Көл бақа <i>Pelophylax ridibundus</i>	-	4
Батпақ тасбақасы <i>Emysorbicularis</i>	-	3
Епті кесіртке <i>Lacerta agilis</i>	4	4
Дала жыланы <i>Viperarenardi</i>	2	2

Көл бақасы *Pelophylax ridibundus* кең таралған және ұзындығы 130 мм-ге дейін жетеді. Ол әртүрлі су объектілерін мекендейді (тұщы және аздап тұздалған су қоймалары, арықтар, тоғандар). Түсі өзгермелі, қоңыр-жасыл жолақтар мен дақтар болуы мүмкін. Көктемде қатты дауыс гүрілінің арқасында бақаларды анықтау оңай. Жағада отырған бақа адам жақындаған кезде суға қатты секіреді; көбінесе таяз суда қалады және түбінде қатып қалады, онда ол көзбен ерекшеленеді. Осылайша, көл бақасы үлкен және жаппай түр болып табылады, ол көп уақытын суда өткізеді, сондықтан оны анықтау және герпетологиялық бақылаулар жүргізу оңай.

Епті кесіртке *Lacerta agilis* ірі түр болып саналады және денесінің ұзындығы 120 мм-ге жетеді (3-сурет). Түсі ашық сұр және қоңырдан қою түсті жасылға дейін өзгереді. Ол қылқан жапырақты және жапырақты ормандарда,



3-сурет. Епті кесіртке *Lacerta agilis*

бақтарда, тоғайларда, көшеттерде, дала мен өрістерде кездеседі. Осылайша, епті кесірткені герпингке қолайлы барлық жерде, айқын көрінетін және жаппай түрлеріне жатқызуға болады.

Сондай-ақ, кесірткелердің аутономияға қабілеттілігін атап өткен жөн, шабуыл жасаған кезінде құйрығын лақтырумен ерекшеленеді. Бұл факт жануарға зиян келтірмеу үшін герпинг кезінде кесірткелерді аулауға тырысқанда ескерілуі керек.

Туристер мен бақылаушылар үшін тағы бір маңызды факт - Батыс Қазақстан облысының көптеген мекендерінде улы дала жыланының өмір сүруі (4-сурет). Жыландар әдетте алдымен шабуыл жасамайды, ал олардың шағуының көп бөлігі адамның әрекеттерінен туындайды. Жыланды кездейсоқ басып қалмас және кездесу кезінде айналып өту үшін абай болу керек. Дала жыланының айрықша және айқын көрінетін ерекшелігі - артқы жағынан құйрығының ұшына дейін зигзаг белгісі болады.

Батыс Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту тақырыбы тарихи тұрғыдан негізделген және бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Биологиялық, экологиялық және туристік орталықтарға енгізу арқылы ол қосымша білім беруді қамтамасыз етудің, сондай-ақ экологиялық сауаттылықты қалыптастыруға және жас ұрпақты тәрбиелеуге басқарушылық әсер етудің қуатты құралы бола алады. Биологиялық аспектілермен танысу арқылы экологиялық білім беруді күшейту біздің қоғамның алдында тұрған маңызды мәселе болып табылады, ол қазіргі өмірдің талаптарынан туындайды. Біздің азаматтық міндетіміз – айналамыздағы табиғи байлықты қорғау.

Зерттеу нәтижесінде Батыс Қазақстан облысының герпетофаунасы экологиялық, биологиялық және морфологиялық тұрғыдан кешенді



4-сурет. Көктемгі далалық сараман жұмыстары

түрде зерттеліп, қосмекенділердің 7 түрі мен бауырымен жорғалаушылардың 28 түрі анықталып, олардың тіршілік ерекшеліктері жан-жақты сипатталды. Зерттеу барысында алынған мәліметтер қосымша білім беру саласында қолдануға қолайлы білімдік және тәрбиелік ресурс ретінде ұсынылды.

Зерттеу жұмысы оқушыларға туған өлкенің табиғи ресурстары, жергілікті флорасы мен фаунасы туралы білім берудің маңыздылығын нақты көрсетті. Әсіресе герпетофауна өкілдерін – қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушыларды – тану мен қорғау бағытындағы іс-шаралардың экологиялық білім мен тәрбие беру ісінде ерекше рөл атқаратыны дәлелденді.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында жергілікті герпетофауна негізінде далалық зерттеулер ұйымдастыру, табиғи мекен ортасын бақылау, зерттеу және экологиялық маршруттар әзірлеу тиімді тәсілдердің бірі ретінде қарастырылды. Мұндай жұмыстар балалар мен жасөспірімдер арасында экотуризм мәдениетін қалыптастыруға, табиғатты қорғау әрекеттеріне белсенді қатысуына ықпал етеді.

Жұмыстың қорытындысы ретінде қосымша білім беру мекемелерінде герпетология бағытына негізделген жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу ұсынылды. Бұл бағдарлама арқылы оқушылардың экологиялық сауаттылығы мен зерттеушілік қабілеттерін дамытуға жол ашылады.



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Атикеева С.Н., Аяпбекова А.Е., Курсабаев М.К. Экология и устойчивое развитие: учебное пособие. – Караганда: «Издательство АҚНҰР», 2016. – 214 с.
2. Березина В.А. Ресейлік білім беру жүйесінде балаларға қосымша білім беруді дамыту: Оқу-әдістемелік құрал. Мәскеу: Мәдениеттер диалогы, 2007. 512 б.
3. Брушко З.К. 1995. Ящерицы пустынь Казахстана. Алматы: Конжык. 232 с.
4. Брушко З.К., Дуйсебаева Т.Н. 2010. О развитии герпетологии в Казахстане. В кн.: Герпетологические исследования в Казахстане и сопредельных странах. Алматы: АСБК – СОПК. С. 13–36.
5. Сдықов М.Н. Батыс Қазақстан облысы тарихи-мәдени және табиғат мұралары ескерткіштері. Сырым ауданы. Орал, 2006.
6. Дуйсебаева Т.Н. (ред.). 2010. Герпетологические исследования в Казахстане и сопредельных странах. Алматы: АСБК – СОПК. 260 с.
7. Дуйсебаева Т.Н., Хромов В.А., Малахов Д.В. 2020. Марат Ельтокович Дильмухамедов (к 80-летию). Selevinia, 28: 326–329.
8. Параскив К.П. Пресмыкающиеся Казахстана. Алма-Ата, 1956. 226 б.
9. Брушко З.К. Ящерицы пустынь Казахстана. Алматы: Конжык, 1995. 232 б.
10. Ахмеденов К.М., Бакиев А.Г., Кленина А.А. Батыс Қазақстан жыландары – Змеи Западного Казахстана. Орал, 2023. 70 б.
11. Фадеева А.П. Балалар мен жасөспірімдердің өзін-өзі қалыптастыру шарты ретінде қосымша білім беру мекемесінің білімдік ортасын дамыту. Пед. ғыл. канд. дисс. Ульяновск, 2010. 246 б.



Балалар және жасыл болашақ: жасанды интеллект арқылы экологиялық сана қалыптастыру



КУРМАНОВА
Гүлайым Талғатқызы,
облыстық экологиялық-
биологиялық орталығының ҚББП-і,
Орал к., БҚО

***Аңдатпа.** Бұл мақалада жас ұрпақ арасында экологиялық сананы қалыптастырудағы жасанды интеллекттің (ЖИ) рөлі қарастырылады. Қазіргі цифрлық дәуірде балалардың білім алу үрдісі технологиялармен тығыз байланысты. Осы мүмкіндіктерді пайдалана отырып, экологиялық тәрбие беруде жаңа әдістер мен құралдарды қолдану маңызды. Мақалада ЖИ негізіндегі интерактивті платформалар, виртуалды зертханалар, ойындар және жеке білім беру жүйелері экологиялық мәдениетті дамытудағы тиімді тәсіл ретінде сипатталады. Сонымен бірге, мұғалімдерге арналған ЖИ құралдарының артықшылықтары талданып, жасыл болашақ үшін экологиялық тәрбиенің маңыздылығы ашып көрсетіледі.*

***Аннотация.** В этой статье рассматривается роль искусственного интеллекта (ИИ) в формировании экологического сознания среди молодого поколения. В современную цифровую эпоху образовательный процесс детей неразрывно связан с технологиями. Используя эти возможности, важно применять новые методы и средства экологического воспитания. В статье интерактивные платформы на основе ИИ, виртуальные лаборатории, игры и частные образовательные системы описываются как эффективный подход к развитию экологической культуры. Вместе с тем, проанализированы преимущества средств ИИ для учителей и раскрывается важность экологического воспитания для зеленого будущего.*

***Кілт сөздері:** экология, жасанды интеллект, виртуалды экотренингтер, ақылды экологиялық ойындар, деректер талдау, визуализация.*

Кіріспе

Экология мәселесі – бүгінгі күннің ең өзекті тақырыптарының бірі. Климаттың өзгеруі, биоәртүрліліктің азаюы, табиғи ресурстардың таусылуы мен қоршаған ортаның ластануы – адамзатқа төнген жаһандық қауіп. Бұл күрделі мәселелерді шешу тек ғылыми зерттеулерге ғана емес, әрбір азаматтың экологиялық мәдениетіне байланысты.

Экологиялық сананы қалыптастыруды ерте жастан бастау – болашаққа салынатын маңызды инвестиция. Технология дамыған қазіргі қоғамда балалардың көпшілігі цифрлық құрылғыларды қолданады. Смартфондар, компьютерлер, онлайн платформалар және жасанды интеллект жүйелері – олардың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналды. Сондықтан экологиялық білім беруде дәл осы құралдарды тиімді пайдалану – заман талабы.

Балалар және экологиялық тәрбие

Балалық шақ – тұлғаның құндылықтары, дағдылары мен дүниетанымы қаланатын аса маңызды кезең. Экологиялық мәдениет те осы уақытта қалыптасуы қажет. Дәстүрлі оқыту әдістері (дәрістер, табиғат туралы әңгімелер, экскурсиялар), әрине, өз құндылығын жоғалтпайды. Алайда оларды заманауи технологиялармен ұштастыру балалардың қызығушылығын арттырып, білімді терең әрі қолайлы түрде қабылдауына көмектеседі.

Интерактивті платформалар мен ойын технологиялары балаларға экологиялық әрекеттерді тәжірибе жүзінде орындауға мүмкіндік береді. Мысалы:

- виртуалды орман отырғызу;
- қоқысты дұрыс сұрыптауды ойын түрінде меңгеру;
- суды немесе энергияны дұрыс пайдалану туралы ситуациялық тапсырмалар орындау.

Бұл тәсілдер экологиялық жауапкершілікті тек теория ретінде емес, өмір салты ретінде қабылдауға ықпал етеді.

Жасанды интеллекттің мүмкіндіктері

Жасанды интеллект экологиялық білім беруді жаңа деңгейге көтеріп отыр. Оның негізгі артықшылықтары мыналар:

1. Жеке білім беру (персонализация)

ЖИ әр баланың қызығушылығы мен қабілетіне қарай оқу бағдарламасын реттей алады.

Бір балаға жануарлар әлемі қызықты болса, екіншісіне экологиялық құрылғылар, үшіншісіне су ресурстарын сақтау тақырыбы ұнауы мүмкін. ЖИ алгоритмдері осының бәрін талдап, ең тиімді білім жолын ұсынады.

2. Виртуалды экотренингтер

Балалар табиғаттағы процестерді, климаттың өзгеруін, орман экожүйесінің қызметін виртуалды модельдеу арқылы үйрене алады.

Мәселен, орман өртенген жағдайда не болатынын немесе ауаның ластануы жануарлар әлеміне қалай әсер ететінін интерактивті түрде бақылау – білімді әлдеқайда терең түсінуге жол ашады.

3. Ақылды экологиялық ойындар

ЖИ негізіндегі ойын құралдары экологиялық міндеттерді шешуге бағытталған логикалық, стратегиялық қабілеттерді дамытады.

Мысалы:

- қалдықтарды сұрыптау симуляторлары;
- энергияны үнемдеу жобалары;
- жасыл қала құру стратегиялары.

4. Деректер талдау және визуализация

ЖИ нақты уақыттағы ауа сапасы, су деңгейі, ауа

райы өзгерісі туралы мәліметтерді өңдеп, балалар түсіне алатын визуалды форматта көрсете алады. Бұл табиғаттағы өзгерістердің адам өміріне тікелей әсерін сезіндіреді.

5. Мұғалімдерге арналған көмекші құрал

ЖИ оқушылардың білімін автоматты түрде талдап, қай тақырыпты күшейту керектігін анықтайды. Бұл педагогтердің уақытын үнемдеп, оқу сапасын арттырады.

Жасыл болашаққа қадам

Экологиялық сана – тек білім жиынтығы емес, адамның күнделікті өмір салтына айналуы тиіс құндылық. Жасанды интеллект балалардың экологиялық ойлау жүйесін қалыптастыруда маңызды рөл атқара отырып, оларды болашақтағы экологиялық көшбасшы болуына ықпал етеді.

Жасыл технологиялар мен цифрлық құралдарды біріктіру арқылы біз:

- табиғатты қорғау мәдениетін кеңейте аламыз;
- балаларды қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға үйретеміз;
- тұрақты даму идеясын ерте жастан сіңіре аламыз.

Әлемнің болашағы – бүгінгі балалардың санасында қалыптасқан экологиялық мәдениетке байланысты. Сондықтан жасанды интеллект көмегімен экологиялық білім беруді дамыту маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Тұрақты даму жолы». – Астана: Елорда, 2018.
2. Meadows, D. Limits to Growth. – New York: Universe Books, 2004.
3. ЮНЕСКО. “Education for Sustainable Development Goals: Learning Objectives”. UNESCO Publishing, 2017.



Спорттық бағдарлау үйірмелеріне оқушыларды тартудың инновациялық жолдары мен әдістемелік аспектілері



БЕРКИНГАЛИЕВ
Фархат Сырымұлы,
АБЖТжЭО-ның ҚББП-і,
педагог-зерттеуші, Спорттық
бағдарлау бөлімінің меңгерушісі,
Теректі ауд., БҚО

***Аңдатпа.** Мақалада қосымша білім беру жүйесіндегі спорттық бағдарлау үйірмелерінің жұмысын жандандыру және оқушыларды жаппай тарту мәселелері қарастырылады. Автор заманауи балалардың клиптік ойлау ерекшеліктерін және цифрлық тәуелділігін ескере отырып, оларды спортқа қызықтырудың жаңа тетіктерін ұсынады. Зерттеу барысында квест-технологиялар, цифрлық құралдар (GPS, QR-кодтар) және әлеуметтік желілер арқылы мотивациялау әдістері талданды. Нәтижесінде, дәстүрлі жаттығу әдістерін инновациялық педагогикалық технологиялармен ұштастыру арқылы үйірмелерге қатысушылар санын арттыратыны дәлелденді.*

***Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы активизации работы кружков по спортивному ориентированию в системе дополнительного образования и массового вовлечения учащихся. Автор предлагает новые механизмы привлечения интереса к спорту с учетом особенностей клипового мышления и цифровой зависимости современных детей. В ходе исследования были проанализированы методы мотивации с использованием квест-технологий, цифровых инструментов (GPS, QR-коды) и социальных сетей. В результате было доказано, что сочетание традиционных методов тренировок с инновационными педагогическими технологиями способствует увеличению числа участников кружков.*

***Кілт сөздер:** спорттық бағдарлау, қосымша білім беру, оқушыларды тарту, мотивация, квест, цифрлық технологиялар, салауатты өмір салты.*

Кіріспе

Білім беру жүйесін цифрландыру – ұлттық басымдықтардың бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның цифрлық трансформациясы мен жасанды интеллектіні (ЖИ) дамыту қажеттігін үнемі назарда ұстап келеді. Президенттің «Қазақстанды IT-елге айналдыру» жөніндегі тапсырмасы және 2026 жылға қарай жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен қолдану туралы стратегиялық бағдары қосымша білім беру саласына да тың талаптар қояды.

Атап айтқанда, Президент: «Біз жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін толық пайдалануымыз керек. Бұл – біздің болашағымыз. Ол үшін білікті мамандар даярлап, жастардың цифрлық сауаттылығын арттыру қажет», – деп атап өткен болатын.

Осы тұрғыдан алғанда, спорттық бағдарлау үйірмелеріне заманауи технологияларды енгізу – жай ғана спорттық жаңалық емес. Бұл – «Спорт + IT» интеграциясы арқылы жас ұрпақтың цифрлық құзыреттілігін қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Ұсынылып отырған әдістеме

Президенттің цифрлық дәуірге сай бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу тұжырымдамасымен толық үндеседі. Себебі цифрлық картамен және навигациялық жүйелермен жұмыс істей алатын оқушы болашақта жасанды интеллект басқаратын күрделі кеңістіктік деректерді де еркін меңгере алады.

Қазіргі таңда қосымша білім беру ұйымдарының алдында тұрған басты міндет – балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ғана емес, оларды салауатты өмір салтына бейімдеу. Алайда цифрлық технологиялардың қарыштап дамуы жағдайында оқушыларды дәстүрлі спорт секцияларына, соның ішінде спорттық бағдарлау үйірмелеріне тарту қиындап барады. Статистикалық мәліметтер бойынша, жасөспірімдердің басым бөлігі виртуалды әлемде уақыт өткізуді жөн көреді, бұл әлеуметтік оқшаулануға әкелуде [1].

Спорттық бағдарлау – бұл интеллектуалды және физикалық жүктемені біріктіретін бірегей спорт түрі («жүгірудегі шахмат»). Оның әлеуеті зор болғанымен, оны балаларға «жеткізу» және қызықтыру әдістері ескірген. Осыған орай мақаланың мақсаты – қазіргі заманғы оқушыларды спорттық бағдарлауға тартудың тиімді

инновациялық жолдарын айқындау [4].

Негізгі бөлім: Қызығушылықты арттырудың әдістемелік тәсілдері


Осы мақалада спорттық бағдарлау үйірмелерінің жұмысын жандандыру мәселесі инновациялық-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық аспектіде қарастырылады. Зерттеу барысында білім алушыларды спортқа тартудың заманауи цифрлық құралдары мен квест-технологияларының тиімділігіне баса назар аударылды. Оқушыларды үйірмеге тарту және ұстап қалу үшін кешенді тәсіл қажет. Бұл процесс үш негізгі бағытқа бөлініп қарастырылды:

1. Ойын түрінде және квест-технологиялар

Бастапқы кезеңде балалар үшін «спорттық нәтиже» маңызды емес, оларға «процесс» қызықты болуы керек.

Әдіс: жаттығуларды «қазына іздеу» немесе танымал компьютерлік ойындардың (мысалы, PUBG, Minecraft) офлайн сценарийлері негізінде ұйымдастыру.

Ерекшелігі: картамен жүгіруді жай ғана қашықтықты өту емес, белгілі бір миссияны орындау (артефактілерді жинау) ретінде ұсыну. Бұл психологиялық тұрғыдан баланың ішкі мотивациясын оятады.



2. Цифрлық интеграция: Гаджет – жау емес, құрал

Балаларды гаджеттен бөлу қиын, сондықтан оны спорттық бағдарлаудың элементіне айналдыру тиімді.

QR-бағдарлау: бақылау пункттеріне (КП) механикалық белгілеудің орнына QR-кодтарды орналастыру. Оқушы смартфон арқылы кодты сканерлейді немесе тапсырма, қызықты деректер алады.

GPS-трекинг: Strava немесе арнайы қолданбаларды пайдалану арқылы балалар өздерінің жүріп өткен жолдарын (тректерін) картадан көріп, визуалды талдау жасай алады. Бұл бәсекелестік рухты арттырады.

3. Әлеуметтік-имидждік тарту

Қазіргі жастар үшін әлеуметтік желідегі бейне маңызды.

Action-камераларды қолдану: жаттығу кезінде GoPro немесе телефонмен қысқа видеолар түсіріп, оны TikTok немесе Instagram желілеріне салу. Бұл – спортты насихаттаудың ең қуатты құралы.

Брендтеу: үйірменің арнайы формасы, эмблемасы және «мерч» өнімдерінің болуы баланың белгілі бір қоғамдастыққа қатысты екендігін

сезінуіне көмектеседі [3].

Салыстырмалы талдау

Төмендегі кестеде оқушыларды үйірмеге тартудың дәстүрлі және заманауи әдістерінің тиімділігі салыстырылған.

Кесте 1. Спорттық бағдарлауға тарту әдістерінің салыстырмалы сипаттамасы

Көрсеткіштер	Дәстүрлі әдіс	Инновациялық әдіс
Басты мотиватор	Денсаулық, норматив тапсыру	Қызығушылық, драйв, эмоция
Құралдар	Компас, қағаз карта, секундомер	GPS, QR-код, смартфон, электронды белгілеу
Жаттығу форматы	Кросс жүгіру, картаны оқу	Квест, рогейн, лабиринт, фото-бағдарлау
Қамту ауқымы	Шектеулі (тек қызығушылар)	Кен (барлық деңгейдегі оқушылар)
Нәтиже	Спорттық разряд алу	Тұлғалық даму, soft skills, командалық рух

Тәжірибелік жұмыс нәтижелері

Ұсынылған инновациялық әдістердің тиімділігін айқындау мақсатында спорттық бағдарлау үйірмесінде педагогикалық тәжірибе жүргізілді. Зерттеу жұмысына бастапқы дайындық тобындағы 10-14 жас аралығындағы 16 оқушы қамтылды.

Қатысушылар топқа бөлінді:

Бақылау тобы (8 оқушы): дәстүрлі оқу бағдарламасы бойынша (карта, компас, стандартты кросс) жаттықты.

Эксперименттік топ (8 оқушы): QR-квест, «Спорттық лабиринт» және GPS-трекинг элементтері кіріктірілген әдістеме бойынша оқытылды.

1 айлық мониторинг нәтижесінде келесі үш негізгі критерий бойынша оң динамика анықталды:

1. Мотивациялық-тұлғалық критерий: эксперименттік топта сабаққа қатысу тұрақты-



лығы бақылау тобымен салыстырғанда 20%-ға жоғары болды. Сауалнама барысында «Сізді жаттығуда не жігерлендіреді?» деген сұраққа эксперименттік топтың 85%-ы «Смартфон арқылы құпия кодтарды іздеу және цифрлық нәтижені көру» деп жауап берсе, бақылау тобындағылардың 60%-ы тек «Денсаулық» немесе «Ата-анамның қалауы» деген сыртқы мотивация факторларын атады. Бұл жаңа әдістеменің оқушылардың ішкі мотивациясын оятқанын көрсетеді.

2. Техникалық-тактикалық дайындық: ойын элементтері (әсіресе «Спорттық лабиринт») оқушылардың шешім қабылдау жылдамдығына әсер етті.

Картаны оқу жылдамдығы: эксперименттік топ оқушылары шартты белгілерді тану және маршрутты таңдау тапсырмаларын орындауға бақылау тобына қарағанда орта есеппен 15-20 секунд аз уақыт жұмсады.

Қателіктер саны: цифрлық бақылау қателіктерді сол мезетте талдауға мүмкіндік бергендіктен, «жолдан адасу» коэффициенті эксперименттік топта 30%-ға азайды.

3. Цифрлық сауаттылық: Мемлекет басшысының «IT-ел» тұжырымдамасына сәйкес, эксперименттік топ оқушылары тек



жүгіріп қана қоймай, заманауи навигациялық қосымшалармен («Strava», «Orienteering mobile») жұмыс істеу дағдыларын меңгерді. Оқушылардың 80%-ы геолокация, координаттар жүйесі ұғымдарын практикада еркін қолдана алатын деңгейге жетті.

Тәжірибелік жұмыстың қорытындысы: спорттық бағдарлау үйірмесіндегі тәжірибелік жұмыс көрсеткендей, дәстүрлі спорттық бағдарлауды цифрлық технологиялармен интеграциялау оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың когнитивтік қабілеттері мен техникалық нәтижелерін жақсартуда шешуші рөл атқарады.

Спорттық бағдарлауды «туризм» және «IT-технологиялар» элементтерімен кіріктіру қызығушылықты 30-40%-ға арттырады [2]. Атап айтқанда, мектеп ауласында немесе саябақта өтетін «Спорттық лабиринт» (шағын аумақтағы бағдарлау) жаңадан бастаушыларда қорқыныш сезімін жойып, сенімділік пен қолжетімділікті арттырады.

Сонымен қатар, қосымша білім беру педагогтері ата-аналармен жұмысты күшейтуі қажет. Спорттық бағдарлаудың баланың академиялық үлгеріміне (зейін қою, тез шешім қабылдау арқылы) оң әсер ететінін түсіндіру – оқушыларды үйірмеге тартудың тағы бір кілті болып табылады.

Қорытынды

Спорттық бағдарлау үйірмелеріне оқушыларды тарту үшін дәстүрлі әдістерден арылып, заманауи баланың психологиясына бейімделген жаңа модельге көшу қажет. Ол модель үш тағанға негізделуі тиіс: Ойын – Технология – Қарым-қатынас.

Осы әдістемелерді енгізу қосымша білім беру ұйымдарындағы үйірме жұмысын жаңа деңгейге көтеріп, бұқаралық сипат алуына ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Воронов Ю.С. Система подготовки спортивного резерва в ориентировании. – М., 2018.
2. Казанцев С.А. Психология спортивного ориентирования. – СПб., 2017.
3. Ткачева А.Н. Инновационные подходы в организации дополнительного образования детей. // Педагогика и психология, 2021.
4. Спорттық бағдарлау федерациясының әдістемелік нұсқаулықтары, 2023.

Садақ ату - мергендік спорт түрі




ШӘМШІ
Ғазиза Исамидінқызы,
ОЖТС-ның әдіскері,
Түркістан қ., Түркістан обл.



Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары			
Бағыты:	Ұлттық туризм		
Әдіскердің аты-жөні:	Шәмші Ғазиза Исамидінқызы		
Мектебі:	Мәделіқожа атындағы негізгі мектеп		
Күні:	Жалпы саны: 12	Қатысушылар саны: 12	Қатыспағандар саны:
Сабақтың мақсаты:	Садақ ату - мергендік спорт түрі		
Сабақтың мақсаты:	1. Садақ ату туралы түсінік беру және оның тарихымен таныстыру. 2. Садақ атуда қолданылатын әдіс-тәсілдермен таныстыру. 3. Оқушылардың физикалық дайындығын, зейінін, мақсатқа жету дағдыларын дамыту.		
Бағалау критерийі:	Тақырыпқа сәйкес жауап беру. Қосымша ақпарат беру. Техникалық терминдерді дұрыс қолдану. Нысанаға дәл тигізу.		
Пәнаралық байланыс:	Тарих, өлкетану.		
АКТ қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, ноутбук.		

Сабақтың барысы				
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру кезеңі (5 минут)	*Оқушылармен амандасу. *Топтағы үйірмешілерді түгендеу. *Үйірмешілерді топқа бөлу. «Бір кесе шәй» әдісі арқылы (1-топ, 2-топ). «Миға шабуыл» әдісі. «Ер қаруы - бес қару». Ер қаруы болған бес қаруға не жатады?	«Бір кесе шәй» әдісі арқылы 2 топқа бөлінеді. Оқушылар бес қаруды атайды		

<p>Сабақтың ортасы (25 минут)</p>	<p>Негізгі бөлім (25 мин.) А) Теориялық бөлім (10 мин.) 1. Садақ ату тарихы мен түрлері. ЖИ. Di-ai-di платформасында аватардың көмегімен жаңа тақырып бойынша ақпарат беру. *Спорттық садақ ату. *Дәстүрлі садақ ату. 2. Садақтың негізгі бөліктері: жебе, садақ, тартпа. 3. Қауіпсіздік ережелері: *Садақ ату алаңындағы тәртіп. *Жеке қорғаныс әдістері. Ә) Практикалық бөлім (15 мин.) 1. Жаңа әдіс-тәсілдер: * «Көздеу сызығы» әдісі: нысананы көздеуді үйрету. *«Үш қадам» әдісі: садақты ұстап, тарту және жебені жіберу. 2. Оқушылар жұпқа бөлінеді: *Бір топ садақ ату техникасын қайталайды. 3. Нысананы дәлдеу жаттығуы. «Геймификация» әдісі. «Мақсатты дәлдеу» ойыны. Мақсаты: оқушыларға садақ атудың дәлдігін үйрету. Өткізу тәсілі: тақтаға «нысана» белгілері орнатылады. Әр нысананың күрделілігіне қарай ұпай саны беріледі. Оқушылар кезекпен садақ тартып, өз ұпайларын жинайды. Ойын соңында жеңімпаз анықталады.</p>	<p>Слайд-презентация көреді, тыңдайды, түсінеді.</p> <p>Оқушылар садақ атудың дәлдігін үйренеді. Кезекпен садақ тартып, өз ұпайларын жинайды.</p>	 <p>- Жарайсың! - Мергенсің! - Сүр мергенсің!</p>	<p>Слайд, презентация, ЖИ</p>
	<p>«Жебелерді жина!» ойыны Мақсаты: топтық жұмыс пен жылдамдықты дамыту. Кім сұрақтарға дұрыс жауап беріп, көп жебе жинаса, сол топ жеңіске жетеді. Кері байланыс.</p>	<p>Топтағы оқушылар ойында берілген тапсырманы жылдам орындап, жебелерді қорамсаққа жинайды.</p>	<p>Сабаққа белсенді қатысқан, тапсырма орындаған оқушыларға сабақ соңында тәттілер беріледі.</p>	<p>https://wordwall.net/ru/resource/85314738</p> 
<p>Үйге тапсырма (2 минут)</p>	<p>Садақ жасап, дәлдеп атып үйрену.</p>			

Алоэ - үйдегі табиғи дәрігер



МУХАМЕДОВА
Мейрамгул Жардемғалиевна,
АЖТС-ның ҚББП-і,
Сырым ауд., БҚО





«Алтын-Дала» үйірмесінің қысқа мерзімді (сабақ) жоспары

Күні:	25.11.2025 ж.	
Сынып:	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	«Алоэ - үйдегі табиғи дәрігер»	
Сабақтың мақсаты:	- Алоэ өсімдігі туралы түсінік беру. - Оның емдік қасиетін таныту. - Оқушыларды өсімдікті күтуге, бағалауға тәрбиелеу.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Негізгі кезең, 7 мин. Басы	1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу. «Қимылды қайтала» әдісі арқылы сергіту сәтін өткізу. «Скретч карта» әдісі арқылы топқа бөлу.	Оқушылар мұғаліммен амандасады. Интербелсенді тақтада көрсетілген қимылдарды қайталайды. Оқушылар мұғалімнен скретч карталарды алып, 2 топқа бөлінеді.	Оқушылар мұғаліммен амандасады. Интербелсенді тақтада көрсетілген қимылдарды қайталайды. Оқушылар мұғалімнен скретч карталарды алып, 2 топқа бөлінеді.	https://youtu.be/5Y34JBOTCDE?si=soiyberKDS9-qWBi Үйлестірме материалдар.



<p>2. Жаңа тақырыпты ашу. «Қол сағат» әдісі бойынша галограмма арқылы жаңа сабақ тақырыбын ашу.</p>  <p>3. Жаңа сабақ. Тақырып бойынша презентация мен бейнеролик арқылы қысқаша мәлімет беріледі. Алоэның емдік қасиеттері</p> <p><small>Алоэ - табиғаттың бізге берген ең керемет емшілерінің бірі. Оның емдік қасиеттері ежелден белгілі және бүгінгі күні де кеңінен қолданылады.</small></p>  <ul style="list-style-type: none"> • Жараларды емдеу: Алоэ жапырақтарындағы гель жараларды, сызаттарды, тіпті кішкене күйіктерді де тез жазуға көмектеседі. Ол ауырсынуды басып, қыбынуды азайтады. • Теріге пайдасы: Бұл өсімдіктің гелі теріні тыныштандырып, ылғалдандырады. Күнге күйгенде немесе тері құрғағанда өте пайдалы. • Иммунитетті нығайту: Алоэ иммунитетті күшейтуге көмектеседі. Оның құрамындағы дәрумендер мен минералдар ағзаның қорғаныс қабілетін арттырады. • «Столетник»: Халық арасында алоэны «столетник» деп атайды, себебі ол өте ұзақ өмір сүреді және жылдар бойы өзінің емдік қасиеттерін сақтайды. Бұл атау оның ұзақ әрі пайдалы өміріне байланысты. 	<p>Оқушылар жасанды интеллект арқылы жасалған қол сағаттан QR кодты ашып, бейнежазбадағы жұмбаққа жауап беру арқылы жаңа тақырыпты табады.</p> <p>Жаңа тақырып бойынша сабақты тыңдайды.</p>		<p>Интерактивті тақта, презентация, үлестірме қол сағаттар.</p> <p>Презентация «Алоэнің емдік қасиеті»</p>
<p>4. Гүл отырғызу - практикалық бөлім. Алоэ гүлін үй жағдайында отырғызу жолдарын көрсету.</p>  <p>5. Кері байланыс. 1-тапсырма «Сықырлы бөтелке» әдісі арқылы тақырыпқа байланысты сыни ойлауға арналған сұрақтар беру.</p> <p>1. Неге адамдар алоэ өсімдігін «үй дәріханасы» деп атайды деп ойлайсың?</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің көмегімен алоэ гүлін отырғызады.</p> <p>2 топ су толы бөтелке ішіндегі сұрақтарды оқып, жарыса жауап береді.</p>	<p>«Мақтау сөздер»: «жарайсыңдар», «тамаша», т.б.</p> 	<p>Гүл ыдысы, дренаж, топырақ, су</p> <p>Бөтелке, үстел қоңырауы.</p>

	<p>2. Алоэ гүлін мүлде білмейтін адамға оның пайдасын қалай түсіндірер едің? 3. Алоэ су ішуді жақсы көрмейді. Егер біз оны күнде суарсақ, не өзгеруі мүмкін?</p> <p>2-тапсырма «Сөздерді тап» - жаңа тақырыпқа байланысты термин сөздерді табу.</p> <table border="1" data-bbox="284 627 581 917"> <tr><td>А</td><td>Ц</td><td>Щ</td><td>Э</td><td>Т</td><td>Х</td><td>Я</td><td>А</td></tr> <tr><td>Э</td><td>К</td><td>О</td><td>Л</td><td>О</td><td>Г</td><td>И</td><td>Я</td></tr> <tr><td>Ц</td><td>Л</td><td>Е</td><td>В</td><td>П</td><td>М</td><td>Ф</td><td>Ё</td></tr> <tr><td>А</td><td>И</td><td>Е</td><td>И</td><td>Ы</td><td>Д</td><td>Ц</td><td>Ь</td></tr> <tr><td>Ф</td><td>Щ</td><td>С</td><td>О</td><td>Р</td><td>П</td><td>Д</td><td>Ъ</td></tr> <tr><td>Ц</td><td>Ж</td><td>У</td><td>П</td><td>А</td><td>Ё</td><td>З</td><td>О</td></tr> <tr><td>Б</td><td>Ъ</td><td>Я</td><td>Ц</td><td>Қ</td><td>Э</td><td>Б</td><td>Ш</td></tr> </table> <p>1. ЭКОЛОГИЯ 2. СУ 3. ТОПЫРАҚ 4. АЛОЭ</p> <p>6. Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында гүл отырғызу алгоритмін көрсету.</p> 	А	Ц	Щ	Э	Т	Х	Я	А	Э	К	О	Л	О	Г	И	Я	Ц	Л	Е	В	П	М	Ф	Ё	А	И	Е	И	Ы	Д	Ц	Ь	Ф	Щ	С	О	Р	П	Д	Ъ	Ц	Ж	У	П	А	Ё	З	О	Б	Ъ	Я	Ц	Қ	Э	Б	Ш	<p>2 топ тақырыпқа байланысты сөздерді жарыса тауып, анықтамасын айтады.</p>  <p>Оқушылар интербелсенді тақтада көрсетілген гүлді үй жағдайында отырғызудың алгоритмін көрсетіп, талдайды.</p>		<p>https://learningapps.org/view43693169</p> <p>https://www.igraemsa.ru/igry-dlja-detej/poznavate-lnye-igry/vyrasti-cvetok</p>
А	Ц	Щ	Э	Т	Х	Я	А																																																					
Э	К	О	Л	О	Г	И	Я																																																					
Ц	Л	Е	В	П	М	Ф	Ё																																																					
А	И	Е	И	Ы	Д	Ц	Ь																																																					
Ф	Щ	С	О	Р	П	Д	Ъ																																																					
Ц	Ж	У	П	А	Ё	З	О																																																					
Б	Ъ	Я	Ц	Қ	Э	Б	Ш																																																					
<p>Соңы, 3 мин.</p>	<p>Рефлексия. <i>Рефлексия</i></p>  <p><i>Бүгінгі сабақ қызықты және түсінікті болды</i></p> <p><i>Сабақ қызықты болды, бірақ кейбір тапсырмалар қиындық тудырды</i></p> <p><i>Бүгінгі сабақ мен үшін қиын болды</i></p> <p>Бүгінгі алған білімдерін қорытындылап, сабақтан нені меңгергенін мұғалімге ауызша айтады.</p>	<p>Оқушылар бүгінгі жаңа сабақта нені жақсы меңгергенін, қай тақырыптар немесе анықтамаларды түсіну қиын болғанын, немесе сабақты мүлдем меңгермегенін «Мен сабақты толық түсіндім», «Мен сабақты жартылай түсіндім», «Мен сабақты мүлдем түсінбедім» деген сұрақтарға жауап беру арқылы көрсетеді.</p>		<p>Таратпа материалдар.</p>																																																								



«Адал азамат – адал еңбек – адал табыс»

(Қауіпсіздік сабағы)



ЖӘРДЕМОВА
Гүлзипа Ермеққызы,
АЖТС-ның ҚББП-і,
Жаңақала ауд., БҚО

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	Оқушылардың «Адалдық», «Еңбек» адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Адал азамат болу үшін, жасаған жұмысыңды адал еңбекпен жасасаң, тапқан табысың да адал жолмен келетіні туралы мағлұмат беру.
Сабақтың мақсаты	Барлық оқушылар: адал еңбек ету дегенді түсінеді. Оқушылардың басым бөлігі: адал адам болу үшін ешкімге жаманшылық ойламай, істеген ісін адал атқарып, жан-жағына шуағын шашып жүретін адам екенін біледі. Кейбір оқушылар: адал табыс табу жолдарын түсінеді.
Ойлау дағдылары	Білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау.

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Оқушы әрекеті
	<p>Ұйымдастыру. Сәлемдесу, түгендеу. Ынтымақтастық атмосферасын құру. «Адалдық» сөзіне ассоциация жасау. Себеттегі фигураларды тандап алады. Сол бойынша топтарға біріктіремін. Топтастыру. I топ «Адал азамат» II топ «Адал еңбек» III топ «Адал табыс» Топ ережесін құру. Әр топ өз ережесін құрады. Мысалы: 1. Топ басшысын тандау. 2. Бірлесіп жұмыс жасау. 3. Бір-бірін тыңдау. 4. Уақытпен санасу. 5. Сабаққа белсенді қатысу. 6. Тыныштықты сақтау. Топтық жұмыс I топ «Адал азамат» Тапсырма Адал азамат қандай болу керек? Постер жасап, қорғап шығады.</p>	Ассоциация айтады, болжам жасайды.

<p>Жаңа тақырыпты ашу кезеңі</p>	<p>Критерийлер: 1. Адал азаматтың мінез-құлқы? 2. Адал азаматтың түр-сипаты? 3. Адал азамат деген атқа лайықты болу үшін не істеу керек? 4. Адал азаматтың қоғамға пайдасы қандай?</p> <p>II топ «Адал еңбек» Тапсырма Топпен жұмыс жасап, адал еңбек туралы постер</p> <p>Критерийлер: 1. Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсындар? 2. Еңбеккер деп қандай адамды айтамыз? 3. Өздерің еңбектің қандай түрімен айналысасындар? 4. Адал еңбек дегенді қалай түсінесіңдер?</p> <p>III топ «Адал табыс» Тапсырма Топпен жұмыс жасап, адал табыс туралы постер жасап, қорғайды.</p> <p>Критерийлер: 1. Адал табыс табу дегенді қалай түсінесіңдер? 2. Қанша табыс тапқанды қалар едіңдер? 3. Тапқан табысты қайда жұмсар едіңдер? 4. Адал табыс табу үшін қандай жұмыс жасау керек? Топтық жұмыс арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын тауып, мағынасын ашады.</p> <p>2. «Адалдық қазынасы» Мұғалім қораптан түрлі карточкалар ұсынады. Әр карточкада бір жағдай жазылған. Топтар талқылап, адал және адал емес әрекетті анықтайды. Жағдаяттар: • Досың бағалы зат тауып алды. Не істейсің? • Біреу сенің орныңа үй тапсырмасын орындап берді. Сен қалай әрекет етесің? • Саған сыйлық берді, бірақ ол адал жолмен алынған жоқ екенін білдің. Не істейсің? Бағалау: дұрыс жауапқа «қазына кілті» беріледі. 5 кілт = «Адалдық қазынасы ашылады».</p> <p>3. «Адалдық айнасы» Әр оқушы стикерге «адалдыққа апарар іс» жазады (мысалы: «шындық айту», «еңбек ету», «уәдеде тұру»). Стикерлер «Адалдық айнасына» ілінеді.</p>	<p>Постер жасайды, қорғайды.</p> <p>Шешім ұсынып, дәлелдейді.</p> <p>Бір сөйлеммен қорытынды жасайды.</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақтың соңында кері байланыс алынады.</p> <p>3. «Бағдаршам» әдісі Мақсаты: түсінген деңгейін анықтау. Оқушылар үш түсті карточканы көтереді: Түсінбедім немесе сенімсізбін. Кішкене сұрақтарым бар. Барлығын түсіндім, өз өмірімде қолдана аламын.</p>	<p>Жасыл/сары/қызыл стикер таңдайды.</p> 



Дала үні салқар сарын

(Кездесу кеші)

САГАДЕНОВА

**Мереке Аманкуловна,
АБЖТО-ның ҚББП-і,
Ақжайық ауд., БҚО**

Касиетті кара домбыраны күмбірлеткен өнерпаздарды ата-бабаларымыз «күй қонған», «саусағынан өнер тамған, саусағының сиқыры бар» деп дәріптеген. Бүгінде Батыс Қазақстан өңірі домбырашы-күйшілерінің шығармаларын орындаушы әрі насихаттаушы ғана емес, ән өнеріндегі өзіндік қолтаңбасымен де танымал өнер иелеріне бай.

Солардың бірі - сазгер, ақын, өлкеміздің күйші-домбырашыларының мұрасын белсенді насихаттаушы, қолынан өнер тамған шебер, өзі де бірнеше күй мен әннің авторы, Мерген ауылының тұрғыны - Қайсағалиев Аманғали. Ол 1942 жылы 27 мамырда Батыс Қазақстан облысы, Бөкей ордасы ауданының Теректі ауылында дүниеге келген. 1952 жылдан бастап Ақжайық ауданының Мерген ауылында тұрады. 1963 жылдан Куйбышев совхозында көмекші шопан, механизатор,

машина жүргізушісі болып еңбек етті. Осы жылдары совхоздың көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене араласқан. 1963–1971 жылдары теңіз әскери құрамында әскери міндетін өтеп, бөлім командирі қызметін атқарған. 1980–1983 жылдары Орал совхоз-техникумында білім алып, агроном мамандығын меңгерген.

Аманғали Қайсағалиев - спортшы. «Сегіз қырлы, бір сырлы» азамат бір кездері қазақша күрес, еркін күрес және самбо спорт түрлерінен ауыл мен ауданның намысын қорғаған. Түрлі спорттық жарыстарға қатысып, сегіз рет жүлдегер атанған.

Аманғали Қайсағалиев - қазақтың ұлттық ойындары мен өнерін сақтаушы. Ұмыт бола бастаған тоғызқұмалақ ойынын алғашқы насихаттаушылардың бірі. «Бес асық» ойынын ойлап тапқан. Көптеген аудандық, облыстық өнер



байқауларына қатысып, түрлі жүлделермен марапатталған. 2008 жылы «Қарттарым - қазынам» атты облыстық байқауда бас жүлдеге ие болды.


Аманғали Қайсағалиев - қолөнер шебері. Оның ұлттық ою-өрнекті ерекше талғаммен үйлестіре отырып, ағаштан, теріден жасаған бұйымдары аудандық, облыстық көрмелерде көпшілік назарына ұсынылды.

Аманғали Қайсағалиев - күйші, әуесқой сазгер. «Күй - халық тарихын баяндайтын шежіре. Күй сазы - терең сезімнің құдіреті. Өлең - сөз патшасы болса, күй - ой патшасы. Күй - ренжітетін де, толқытатын да, наздандыратын да, жадырататын да терең сазды сезім. Күй - киелі өнер», - дейді толғанған өнер иесі. Батысқазақстандық күйшілердің күйлерін ел арасында насихаттай жүріп, өзі де күй шығарумен айналысады. Күйлерін Дәулеткерей күйлеріне тән «төре» қағыспен байсалды, баппен орындайды. «Ой-өрнек» жинағында автордың 7 күйі мен 2 әні нотаға түсіріліп берілген. «Өткенге ізет» кітабында өткенді өшірмейтін, ұлағатты ұмыттырмайтын әңгімелері мен өлеңдері жарияланған.

Аманғали Қайсағалиев - ұстаз. Ауылда домбыра үйірмесін ашып, жетекшілік ете жүріп, совхоздың көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене қатысқан.

Жақында оқушыларды үлкендерді құрметтеуге, өнерді бағалауға, сүйеге, бос уақыттарын тиімді пайдалануға баулу мақсатында «Сан

қырлы өнер саңылағы» - сазгер, күйші, ақын, ел ағасы Аманғали ағамызбен кездесу кеші ұйымдастырылды. Әуесқой сазгердің тіршіліктің тілмен жеткізе алмаған бояуларын күймен бейнелеген шығармаларына куә болдық. Кеш барысында оның кіндік қаны тамған атақонысы, Кеңес империясы ядролық қару сынаған аймаққа айналдырған Нарынға 40 жылдан соң барған сәтте көз алдына елестеген балалық шағы мен ел тірлігін бейнелейтін «Қалды-ау Нарын-Толыбай» күйі, сондай-ақ «Боз жорға», «Ақтолқын», «Желдірме», «Наз көңіл», «Қоңыр» күйлері орындалып, бірнеше әндері шырқалды. Сахнаға оның шәкірті - Мерген жалпы орта білім беретін мектебінің кітапханашысы Зухра Иманғалиева шығып, ән орындады. Өлкетану үйірмесінің оқушыларымен кездесу өтті. Оқушылар оның шығармаларынан өлеңдер оқып, кештің шырайын кіргізді. Осындай «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» жерлесіміздің мәңгілік өнеріне тағы бір мәрте куә болдық.





Алғашқы дәрігерлік көмек (Қауіпсіздік сабағы)



МУКАШЕВА
Айнур Гарифоллаевна,
БЖТЖЭО-ның ҚББП-і,
Теректі ауданы, БҚО

Қысқа мерзімді сабақ жоспары

Білім беру ұйымы	Социализм негізгі орта мектебі	
Педагогтің Т.А.Ә	Мукашева Айнур Гарифоллаевна	
Күні:	26.02	
Сыныбы: «Атамекен» өлкетану үйірмесі	Қатысқан оқушы	14
	Қатыспаған оқушы	1
Сабақтың тақырыбы	Алғашқы дәрігерлік көмек. Қауіпсіздік сабағы.	
Сабақтың мақсаты	1. Оқушыларды жарақат алған кезде көрсетілетін алғашқы көмектің негізгі әдіс-тәсілдерімен таныстыру. 2. Оқушылардың алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша практикалық дағдыларын қалыптастыру. 3. Достыққа, адамгершілікке, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу.	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты	Оқушыларға салауатты өмір салтының пайдасы туралы түсінік беру және денсаулықты сақтауға үйрету.	
Құндылықтары	Адамгершілік, еңбекқорлық және ізденімпаздық қабілеттерін қалыптастыру арқылы білімге деген қызығушылықтарын арттыру.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы, 5 мин.	1. Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу. Шеңбер құрып, оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтады. Тақырыпты таныстыру: «Алғашқы медициналық көмек»	Оқушылар жұдырық түйістіру арқылы бір-біріне достық ықыластарын білдірді. «Random generator» әдісі арқылы топқа бөлу.	Мадақтау.	Көңілді әуен.

<p>Сабақтың ортасы, 10 мин.</p> <p>Кіріспе бөлім Миға шабуыл: Мұғалім келесі сұрақтарды қояды: - Алғашқы көмек көрсету дегеніміз не? - Жарақаттанғанда не істеу керек? - Жарақат алу түрлері? Оқушылар өз ойларын айтады.</p> <p>Мұғалімнің түсіндірмесі: Туристік саяхаттар мен экскурсиялар кезінде оқушылар кез келген жерде – үйде, көшеде, жолда немесе көлік апаты кезінде – қайғылы жағдайға тап болуы мүмкін. Көп жағдайда адамдар алғашқы медициналық көмек көрсету жөнінде жеткілікті білімі болмағандықтан, жанындағы адамға, кейде тіпті туысы, танысы немесе досына дер кезінде көмек көрсете алмай жатады. Туристік жорықтар мен экскурсияларға шыққан кезде топтық құрал-жабдықтардың құрамында медициналық дәрі-дәрмек қобдишасы міндетті түрде болуы тиіс. Туристік медициналық қобдишаны топтық жорықтарға шыққанда әрдайым өзімен бірге алып жүру қажет.</p>	<p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді.</p>  <p>Бейнематериалдарды көреді.</p>  <p>Қан кету •Қанның түрлері: • Артериялық • Веноздық •Алғашқы көмек: • Қан кетуді тоқтату үшін қысым жасау • Жүт қолдану (артериялық қан кетуде) • Жараны тазу • Деру әдістері жүгіну</p>	<p>Оқушылар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Оқушылар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Презентация.</p> <p>Қауіпсіздік ережелері жазылған парақшалар.</p> <p>https://youtu.be/sXN8vXzEz8?si=Vc_teoFhifClwsCc https://www.youtube.com/watch?v=jWkIhxwIxmA</p> <p>Сендер мықтысындар!</p>	<p>Оқушылар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Презентация.</p> <p>Қауіпсіздік ережелері жазылған парақшалар.</p> <p>https://youtu.be/sXN8vXzEz8?si=Vc_teoFhifClwsCc https://www.youtube.com/watch?v=jWkIhxwIxmA</p> <p>Сендер мықтысындар!</p>
<p>Топтық жұмыс Оқушылар 3 топқа бөлінеді, әр топ өз тақырыбын талқылап, практикалық жүзінде қорғайды:</p> <p>1-топ: Аяқ, қол сынған кезде алғашқы көмек.</p> <p>2-топ: Алғашқы көмек ережелері.</p> <p>Жағдаяттық тапсырмалар: Мұғалім әр топқа жағдаяттар береді: Жағдаят 1: Жаралы адамды көрсеңіз, не істер едіңіз? Жағдаят 2: Жарақаттанған адам бар күшін жылап, айқайлауға жұмсаса, сіз не айтар едіңіз? Жағдаят 3: Алғашқы көмек шақыруды ұсынса, сіз не істейсіз?</p>	<p>Әр топ өз шешімдерін сыныпқа таныстырады.</p> <p>Жеке жұмыс.</p>	<p>Әр топ өз тақырыбын талқылап, қорғайды.</p> <p>Тамаша! Кереметсіңдер!</p>	<p>Плакаттар, маркерлер (топтық жұмыс үшін).</p> <p>Құндылықтар туралы бейнематериал.</p>

Подготовка к походу и обеспечение безопасности в туристических походах



УШЕНИН
Евгений Сергеевич,
инструктор-методист
по туризму ТЛ «Самал»
ОЦДЮТиЭ,
г.Уральск, ЗКО



Цель урока: сформировать осознанное отношение учащихся к необходимости обеспечения безопасности в туристских походах.

Задачи урока:

- расширить представления о значении активных видов и форм туризма для здорового образа жизни;
- расширить и углубить представления учащихся о естественных препятствиях, встречающихся в туристских походах;
- развить способности правильно оценивать (характеризовать) естественные препятствия и выбирать безопасный способ их преодоления.

Планируемые результаты:

Личностные: готовность выражать свои мысли, воспринимать и обсуждать мнение одноклассников.

Метапредметные: развитие умения предвидеть опасные ситуации и умения их предотвращать или преодолевать.

Предметные:

- Базовый:** получить понятие о безопасном туризме.
- Повышенный:** понимание источников опасности в разных видах туризма, осознание важности этапа подготовки к туристическому походу, умение справляться с нестандартными ситуациями в походе.

Тип урока: урок открытия новых знаний, обретения новых умений и навыков.

Ход урока:

I. Мотивационный этап.

На доске вывешены картинки с изображением разных видов туризма.

Учитель: Ребята, сегодня мы с вами переходим к изучению новой темы. Чтобы понять, о чем сегодня мы с вами будем говорить, предлагаю обратиться к иллюстрационному материалу на доске. Что объединяет все эти картинки?

Ученики: Туризм.

Учитель: Но если вспомнить, как называется наш предмет, то, как Вы думаете, о какой стороне туризма мы с вами будем говорить?

Ученики: Безопасность туризма.

Учитель: Совершенно верно.

II. Этап актуализации знаний.


Учитель: Давайте откроем тетради и запишем дату и тему сегодняшнего урока «Обеспечение безопасности в туристических походах». Теперь попробуйте составить характеристику понятия «безопасный туризм».

На задание 3 минуты. Обсуждение результатов.

Учитель: А как вы думаете, какие задачи будут поставлены перед нами на этом уроке? (Ответы учащихся). *Приложение 1.*

III. Изучение нового материала.

Учитель: Прежде чем мы приступим к изучению возможных опасностей на пути туристов, мы с вами рассмотрим, какие же виды активного туризма вообще существуют.



Учитель: Дадим характеристику каждому виду активного туризма.

Учащиеся кратко по очереди характеризуют разные виды туризма, опираясь на жизненный опыт и знания, полученные на занятиях кружка по туризму.

Учитель: Какие опасности могут подстергать туристов в том или ином виде похода? Обсуждение опасностей и запись их в тетрадь.

Учитель: Скажите, а как же нам справиться с такими трудностями в походе? Можем ли мы их предотвратить, преодолеть или может предупредить?

Предполагаемый ответ учащихся: Можно, если заранее правильно подготовиться к походу.

Учитель: А с чего начинается подготовка? (Подбор группы с соответствующими физическими способностями, распределение обязанностей, подбор снаряжения, составление маршрута, изучение местности по картам, эмоциональная готовность).

Учитель: Итак, группу собрали. Распределяем обязанности.

Индивидуальная работа с карточками «Обязанности участников похода, обсуждение результатов.

Учитель: Распределили обязанности. Теперь давайте собираться. Вспомним, какие вещи нам нужны будут в походе. (Групповое и личное снаряжение).

Практическая работа «Упаковка рюкзака»: имея стандартный набор для похода, учащимся предлагается правильно упаковать все вещи в рюкзак. После выполнения работы – обсуждение и исправление ошибок.

Учитель: Повторение основных правил техники безопасности в походе. (Учащиеся по очереди кратко рассказывают о мерах безопасности при

проведении похода).

Учитель: Молодцы! Рюкзак упакован. К походу готовы. Трудности нам не страшны.

IV. Закрепление изученного материала.

Учитель: Я буду называть трудности, с которыми могут столкнуться туристы в походе. А вы должны отгадать, к какой категории относится эта трудность. Если она объективная, то поднимаем желтый кружок, если субъективная, то красный. А также попробуйте предложить свой вариант преодоления данного препятствия.

- заросли труднопроходимого кустарника;
- недостаточный опыт руководителя;
- конфликт среди участников тургруппы;
- сильный боковой ветер;
- отсутствие навыков оказания первой доврачебной помощи при заболевании или травме;
- заболоченная местность;
- отсутствие в группе дисциплины;
- невыполнение команд руководителя;
- переправа через водоток вброд;
- недостаточная физическая и техническая подготовленность туристов.

V. Включение в систему знаний и умений.

Демонстрация видеоролика о туризме. Обсуждение смысла видеоролика.

VI. Рефлексия, оценивание работы учащихся.

Учитель: Спасибо за работу на уроке. Давайте подведем итоги.

VII. Домашнее задание

Составить список группы, должностные обязанности и список туристического снаряжения группы в 10 человек при подготовке 2-х дневного похода с ночевкой. Приложение 2.

Основные правила безопасности при подготовке похода

Прежде чем отправиться в поход, необходимо вспомнить несколько основных правил безопасности на туристской тропе.

ПРАВИЛО 1.

Подберите снаряжение в зависимости от маршрута и места путешествия, обязательно учтите сложность и особенности маршрута (ключевые моменты и потенциальные опасности маршрута). Помните, каждый поход предполагает индивидуальный подбор снаряжения и экипировки. Хорошо подобранное снаряжение – залог вашей безопасности.

Одежда и палатки должны быть ярких цветов, так спасателям легче будет вас найти. Одежда должна быть удобной и практичной. Особое внимание уделите обуви. Помните, кеды для спортзала, а не для горных троп. Для горных походов подходит разношенная обувь, желательно треккинговые ботинки, так как часто приходится идти по курумникам, где встречаются подвижные камни, а с раннего утра обычно бывает очень скользко. Также в поход необходимо взять сменное белье.

Одной из самых частых ошибок людей, попадающих в экстремальные ситуации на природе, является излишняя надежда на гаджеты. Помните, мобильный телефон не сможет заменить и компас, и карту, и часы. С телефоном может случиться что угодно: разрядится, утонет, разобьётся или не будет связи. А без карты и компаса вы не сможете сориентироваться на местности – это может стоить жизни! Научитесь читать карту и природные ориентиры, а также работать с компасом.

ПРАВИЛО 2.

Аптечка – одна из самых необходимых в походе! Даже если вы идёте недалеко или если местность кажется вам безопасной, даже если вы собираетесь в поход всего на один день. Никто не застрахован от падений и травм, от укусов насекомых и змей, от плохого самочувствия вследствие активной ходьбы, от расстройства желудка. При выборе конкретных препаратов для аптечки берите те, которые применяли ранее и которые назначил вам врач. Если вы руководитель похода, то обязательно будьте в курсе состояния здоровья всех участников группы.

Что обязательно должно быть в аптечке:

- обезболивающие;
- жаропонижающие;
- антиаллергены;
- препараты против расстройства пищеварительной системы;
- противопростудные;
- антисептики наружного действия;
- влагостойкий пластырь;
- перевязочный материал.

Аптечка не займёт много места, а вот её отсутствие в экстренной ситуации может привести к непоправимым последствиям.

И очень важно понимать, что отправляться в поход можно только в том случае, если вы хорошо себя чувствуете – ничего не болит и не беспокоит, так как в противном случае вы подвергаете своё здоровье, а возможно и жизнь, излишней опасности.

ПРАВИЛО 3.

Сверьтесь с прогнозом погоды до выхода. Не стоит идти в поход, если ожидается непогода. Крайне важно, чтобы погодным условиям соответствовали ваши одежда, обувь и снаряжение. В зимнее время года необходимо позаботиться о тёплых спальниках и утеплении палатки.

ПРАВИЛО 4.

Не ходите в поход в одиночку. Быть одному в условиях природной среды – опасно! Один человек легко теряет бдительность и хуже ориентируется, а в экстремальной ситуации редко может оказать себе первую помощь. Если же всё-таки решились пойти в поход один, обязательно сообщите родным или доверенным лицам точное направление маршрута (лучше отметить планируемый маршрут на карте) и сроки, в которые вы планируете вернуться. Зарегистрируйте свой маршрутный лист похода в департаменте по ЧС!

ПРАВИЛО 5.

Не ешьте плоды и ягоды, в безопасности которых вы не уверены. Это правило должен знать каждый взрослый и ребёнок. По статистике, ежегодно десятки людей страдают от того, что решают попробовать ядовитые ягоды или растения. Помните, нет никаких примет, по которым можно было бы отличить ядовитое растение от неядовитого – смертельно опасными могут быть даже очень красивые на вид ягоды нежного цвета.

Если вы часто ходите в походы, стоит отдельно ознакомиться со списком опасных растений того региона, где будет пролегать ваш маршрут.

ПРАВИЛО 6.

По статистике, 25% тяжёлых травм получают туристы в состоянии усталости. Действительно, чрезмерная усталость значительно снижает концентрацию внимания и ухудшает координацию. Не допускайте переутомления, своевременно устраивайте привал и пейте больше воды, чтобы предотвратить обезвоживание. На ночлег останавливайтесь за 1-1,5 часа до наступления темноты, организуйте бивак, подготовьте запас дров на ночь.

ПРАВИЛО 7.

Исполняйте все распоряжения руководителя, немедленно сообщайте инструктору о любой замеченной опасности и о малейших признаках заболевания. Не уходите за территорию лагеря один, не зажигайте спички в палатках, строго соблюдайте правила страховки и само страховки.

ПРАВИЛО 8.

Отправляясь в водный поход, человек должен уметь плавать, не бояться воды и знать приёмы спасения утопающих. Новичкам ни в коем случае нельзя ходить в водный поход весной, в это время лучше отправиться в поход с более опытными и подготовленными туристами.

В горных и сухопутных походах нужно заранее изучить маршруты следования по картам. Каждый член группы должен обладать минимальными навыками ориентирования в пространстве.

ПРАВИЛО 9.

Желательно нужно брать с собой репелленты для защиты от насекомых-вредителей.

Приложение 2

Должностные обязанности участников группы в походе

Найдите соответствие

Должность	Должность
Он проводит закупку продуктов перед походом, пополняет их в походе, контролирует транспортировку и расходование продуктов в походе, если необходимо, консультирует дежурных по приготовлению пищи.	Руководитель группы
На эту должность назначается один из самых опытных и авторитетных ребят, волевой, беспристрастный, требовательный к себе и окружающим. Все вопросы походной жизни находятся под его контролем.	Медик
Он работает в тесном контакте с руководителем. Он составляет список группового снаряжения, распределяет его среди участников похода, в походе следит за его состоянием, руководит его своевременным ремонтом, организует обработку снаряжения после похода и сдачу.	Направляющий
Он четко следит за временем движения группы на маршруте согласно графику, организует привалы в соответствии с режимом движения и устанавливает время выхода группы с бивака.	Завпит (заведующий питанием)
Он ведет группу по маршруту, ориентируется по компасу и карте, устанавливает темп движения группы, т.к. идет первым. Эта должность не закрепляется за конкретным участником и является переходящей – каждый день она передается новому участнику группы	Завснар (заведующий снаряжением)



Туристік жорықтардың есебін дайындау: маршрут таңдау, топтық рөлдер, қауіпсіздік



ГАБДУШЕВА
Гулнур Мырзахметовна,
АБЖТжЭО әдіскері,
педагог-модератор,
ҚББП-і,
Қаратөбе ауд., БҚО

Білім беру ұйымының атауы:	«Қаратөбе балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығы» КММ
Педагогтің аты-жөні:	Габдушева Гулнур Мырзахметовна
Үйірменің атауы:	«Ауыл тарихы»
Сабақтың тақырыбы:	Туристік жорықтардың есебін дайындау: маршрут таңдау, топтық рөлдер, қауіпсіздік
Оқыту мақсаты:	- Туристік жорықтың негізгі кезеңдерін түсінеді. - Маршрутты таңдаудың критерийлерін қолданады. - Топтық рөлдерді дұрыс бөледі. - Қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, жорық есебін жоспарлайды.
Сабақтың мақсаты:	Жорық есебін дайындау үшін маршрут құруды, рөлдерді бөлуді және қауіпсіздік шараларын ұйымдастыруды үйрету.
Бағалау критерийлері:	1. Маршрутты дұрыс жоспарлайды. 2. Рөлдерді мақсатқа сай тиімді бөледі. 3. Қауіпсіздік ережелерін сақтайды және тізімдейді. 4. Топта толық «Жорық есебінің жоспарын» жасайды.
Құндылықтар:	Ынтымақтастық, жауапкершілік, қауіпсіздікті сақтау мәдениеті, табиғатты аялау.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ Уақыты, 40 минут	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин.)	1. Психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында «Кубик» әдісі. Сәлемдесу. 2. «Рюкзактағы зат» топқа бөлу әдісі. Қатысушыларды қызықты әрі мазмұнды әдіспен топтарға бөлу, туристік дағдыларға бағыттау, командалық жұмысты қалыптастыру.	1. Оқушылар шеңбер болып тұрады, бір-біріне кубикті лақтыру арқылы айналып түскен әртүрлі елдердің амандасу тәсілдерімен сәлемдеседі.	Бір-біріне жылы қарым-қатынас.	

	<p>Педагог алдын ала рюкзакқа салынған 3 топқа арналған туристік заттарды дайындайды. Қош келдіңіздер, құрметті туристер! Бүгін біз нағыз туристік жорыққа аттанамыз. Жолға шықпас бұрын әрқайсыңызға рюкзактан бір зат беріледі. Бұл жай зат емес – сіздің топтағы рөліңізді анықтайтын маңызды құрал. Ал енді, оқушылар, өзіңізге түскен затқа қараңыз. Бұл зат сіздің саяхат барысында қандай топқа кіретінін білдіреді.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Мысалы: егер сізде компас, карта, чип болса – сіздер «Бағдарлаушылар» тобысыздар. • Егер палатка, ұйықтау қабы, коврик түссе – сіздер «Туристер» тобысыздар. • Кімге сіріңке, алау, шәйнек түссе – сіздер «От шеберлерісіздер». 	<p>2. Оқушылар рюкзактағы затты таңдау арқылы тауып топтасады. Әр топ өздеріне түскен заттың маңыздылығын айтады. Топтық жұмыс жасап үйренеді.</p>	<p>Белсенділік. Топтық жұмысқа қатысуы, креативтілік деңгейі.</p>	<p>Туристік рюкзакқа салынған заттар.</p> 
<p>Сабактың ортасы Қызығушылықты ояту (3 мин.)</p> <p>Жаңа білім: Маршрут таңдау (3 мин.)</p>	<p>Жаңа тақырып: «Миға шабуыл» әдісі. Wordwall платформасындағы барабанды айналдыру арқылы сұрақ қойылады. «Туристік жорық дегеніміз не?» Сұрақ-жауап арқылы өз ойларын айту.</p> <p>Маршрутты таңдаудың критерийлерін түсіндіреді:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жорықтың ұзақтығы. - Қашықтық. - Қиындық деңгейі. - Табиғи кедергілер. - Қауіпсіздік. - Ауа райы. <p>Туристік жорықтағы рөлдермен таныстырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Жетекші. - Навигатор (картограф). 	<p>Өз ойларын айтады, жорық туралы пікір білдіреді.</p> <p>Презентациядағы маршрут критерийлері туралы біледі және жазып алады.</p>	<p>Ауызша жауап.</p> <p>Сұрақ-жауап.</p>	<p>Wordwall.</p>  <p>Презентация, карта. Жорыққа керекті құрал-жабдықтар.</p>

<p>- Топтық рөлдер (3 мин.)</p>	<p>- Топ жетекшісі, топ жетекшісінің көмекшісі. - Фотограф/бақылаушы. - Құрал-жабдыққа жауапты. - Ас әзірлеуші. - Медбике. - Өлкетанушы (есеп жүргізуші).</p>	<p>Оқушылар рөлдер туралы қысқаша талқылайды, біледі.</p>	<p>Қол шапалақ.</p>	<p>Рөл карточкалары бар слайд.</p>
<p>Қауіпсіздік (3 мин.)</p>	<p>Жорықтағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіреді: - Жолда жүру тәртібі. - Өрт қауіпсіздігі. - Жарақаттан сақтану. - Жабдықты дұрыс пайдалану. - Ауа райын бақылау. - Жануарлардан сақтану. - Алғашқы көмек.</p>	<p>Қауіпсіздік талаптарын дәптерге жазады.</p>		<p>Қауіпсіздік туралы бейнеролик және қауіпсіздік туралы плакаттар.</p>
<p>Топтық жұмыс (12 мин.)</p>	<p>Топтық жұмыс. «Буклет» әдісі: 1 топ. Маршрут жоспарын құру. 2 топ. Топ рөлдерін бөлу. 3 топ. Жорық кезінде қауіпсіздік (алғашқы көмек) бойынша тапсырмалар беріледі.</p>	<p>Топта жұмыс істейді, маршрут жасайды, рөлдерін бөледі, қауіпсіздік ережелерін жазады және алғашқы көмек түрлерін көрсетеді. Постер арқылы қорғайды. Оқушылар алған білімдерін жинақтап, ең маңыздысын ұсынады. Бұл әдіс топпен жасалады.</p>	<p>«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі.</p>	<p>Түрлі-түсті маркерлер, ватман қағазы. Алғашқы көмек көрсетуге арналған аптечка.</p>  
<p>Сабақтың соңы (8 мин.)</p>	<p>Сабақты бекіту: «Аяқталмаған сөйлем» әдісі бойынша сұраймын • Бүгін сабақта мен ... үйрендім. • Мен үшін ең қызықты ақпарат ... болды. • Маған қиын болған тұсы ... • Мен оны келесі сабақта ... арқылы түсінгім келеді. • Маршрут таңдауда ... білу маңызды.</p>	<p>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы жұмыстанады. Бұл әдіс ақпаратты жинақтауға арналған, сондай-ақ оқушылар мәселені терең зерделейді. Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды. Оқушылар «Тазалық» әдісін қолдана отырып, өздеріне керек маңызды ақпаратты біледі, өңдейді, қажет емесін лақтырады.</p>	<p>Смайликпен бір-бірін бағалайды.</p>	<p>Әртүрлі смайликтер</p>  
<p>Кері байланыс</p>	<p>Кері байланыс: Тазалық әдісі: «Чемодан» аламын, алдағы уақытта пайдаланамын. «Еттартқыш» алған ақпаратты өңдеймін. «Себет» керек емес ақпаратты лақтырып жіберемін.</p>			



Аэробика элементтері бар гимнастика



НАСИЕВ
Нурбек Турашевич,
ОБЖТЖЭО-ның
ҚББП-і, № 49 ЖОББМ
дене шынықтыру пәні
мұғалімі,
Орал қ., БҚО

Дене шынықтыру сабағының қысқа мерзімді жоспары

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 3 бөлім: Акробатика негіздерінде гимнастика	Мектеп: ЖОББМ № 49
Күні: 13 қараша	Мұғалімнің аты-жөні:
Сынып: 3а сынып	Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:

Сабақ тақырыбы	Аэробика элементтері бар гимнастика
Оқу мақсаттары	3.3.2.2 Дене қызметімен айналысқанда денені қыздыру және босаңсыту маңызын түсіндіру. 3.1.2.2 Дене дамуы үшін қарастырылған түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде қозғалыстарды қалай орындау керек екендігін білу және түсіну.
Сабақ мақсаттары	• Гимнастика сабағында денені қыздыру мен босаңсынуды түсіндіру және дене жаттығуларын дұрыс орындауды үйрету.
Бағалау критерийлері	• Оқушылар денені қыздыру және босаңсытуды біледі және де түсіндіріп береді. • Олар дененің дұрыс даму үшін кешенді жаттығуларды және би жаттығуларын орындалуын көрсетеді.
Тілдік мақсаттар	Оқудың тілдік мақсаты Оқушылар: Гимнастикалық қозғалыс дағдыларын көрсету. Пәндік лексика және терминология мыналарды қамтиды: • кеңістік/бағыт: алға, артқа, жанына • ептілік, тепе-теңдік • шыдамдылық, иілгіштік. Диалогқа арналған пайдалы сөз тіркестері • Гимнастикалық жаттығулар ептілікті қалай дамытады? • Қауіпсіздік техникасын сақтай отырып, тепе-теңдік жаттығуларын қалай орындаймыз?

Құндылықтарды дарыту	Құрмет, шығармашылық, әріптесін тыңдай білу. Қарым-қатынас дағдыларын дамыту, жаттығу жасау барысында сыни тұрғыдан ойлану. Сана-сезім, адалдық, басқа адамдардың ойын құрметтеу, адал болу, бір-бірін құрметтеу. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын, білімге деген қызығушылығын қалыптастыру, Отанымыздың игілігі үшін өмір бойы оқытуға, сыни ойлауды дамытуға және білім берудегі үш тілдік саясатты іске асыруға бағыттау. Мәдениетаралық түсінікті дамыту.
Пәнаралық байланыстар	Хореография (ритмикалық, тепе-теңдік, акробатикалық жаттығуларды орындау барысында аяқ-қолдың икемділігі мен үйлесімділігін анықтайды).
АКТ қолдану дағдылары	АКТ арқылы жаттығулардың орындалуын оқушыларға көрсету.
Бастапқы білім	Бұл бөлімде оқушылар гимнастикалық жаттығулар сериясы арқылы ептілікке, күшке, иілгіштікке, шыдамдылыққа, тепе-теңдік сақтауға және координацияға арналған ойындар ойнайды.

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы, 10 мин.	<p>«Тақырып көлеміндегі әрекеттер» Оқушылармен сәлемдесу. Түгендеу. Спорттық киімдеріне назар аудару. Қауіпсіздік ережелерін таныстыру, қайталау. Жаңа сабақтың тақырыбымен, мақсатымен, жетістік өлшемдерімен таныстыру.</p> <p>Оқушылар жүрек соғысын көтеру және жалпы жарақаттардан сақтану үшін қыздыру жаттығуларын орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - спорттық залды айналып жүгіру; - екі тізені көтеріп, қолға тигізіп жүгіру, қолды түсіріп, екі аяқты тигізіп жүгіру, екі қол белде, аяқты жанына қойып жүгіру, қол белде, аяқты созып жүгіру, оң, сол жағымен жүгіру; - аңдардың жүрістерін салып жүгіру; - аюша жүру; қоян құсап секіру; тиінше секіру; тарбақаша секіру; - демді қалыпқа келтіру үшін жәй жүріспен спорттық залды айналып, демалу жаттығуларын орындау: терең дем алу және дем шығару. - әрбір оқушыға гимнастикалық төсеніш, гимнастикалық таяқша беріліп, жаттығулар орындалады. <p>Акробатика сабақтарының алдында барлық дене бұлшық еттерін жақсы созу керек, бұл ширатуды қамтиды. Оқушылар созылуға арналған жаттығулар кешенін орындайды.</p> <p>Бағалау: оқушылар тарапынан берілген ақпаратқа мадақтау арқылы қолдау көрсету.</p>	Әр іс-әрекет түрі үшін үлкен бос кеңістіктің болуы. БСқырық, секундомер, т.б.

Сабақтың
ортасы,
25 мин.

«Аэробика элементтері бар гимнастика»

Оқушыларды тең шағын топтарға бөліп, бүгінгі сабақтың мақсатына жету үшін тапсырма беру. Оқушылар шағын топтарда жұмыс жасап, аэробика элементтері бар гимнастикалық жаттығулар кешенін көрсетуі қажет



Дескрипторлар:

- Гимнастика сабағында қауіпсіздік ережесін сақтау;
 - Әр топ кем дегенде 4-5 кешенді жаттығуды бірдей, синхронды түрде орындап көрсетуі қажет;
 - Жекелей де кешенді жаттығуларды көрсету.
- Топтардың дайындығына 5-6 минут уақыт беріледі.

Оқушылар бір-біріне кешенді жаттығуларды көрсетеді. Топтар өзара бағалау жүргізеді. Бұл жаттығуларды музыкалық әуенмен орындауға да болады. «Акробатикалық жаттығуларда иілгіштік не үшін керек?» деген мұғалімнің сұрағына оқушылардан жауап алу. Орындап көрсеткен жаттығу жұмыстарына кері байланыс беру.

Уақыт қалса, оқушыларға аэробика элементтері бар гимнастикалық ойын ойнату.

Оқушылар «Үздік ламбада» кешенін әуенімен жұптасып орындап, жұмыс істейді.

- 1) Бір орында «ламбада» адымдары;
- 2) 3 адым оң аяқпен алға, төртінші адым сол аяқпен алға-артқа-алға;
- 3) 3 адым сол аяқпен алға, төртінші адым оң аяқпен алға-артқа-алға;
- 4) 2 қайшыланған адым оңға;
- 5) 2 қайшыланған адым солға;
- 6) қол белде, оңға-солға қисаю әуенге ілесе;
- 7) қол белде, алға еңкею, артқа шалқаю әуенге ілесе.
- 8) қолды дененің алдында бүгіп ұстап, айналу.

Дескрипторлар:

- ойын барысында ережені мұқият сақтау;
- тапсырманы дұрыс орындау;

Әр іс-әрекет түрі үшін үлкен бос кеңістіктің болуы. Ысқырық, секундомер, т.б.

«Ламбада»
адымдары
бейнеролик

<p>Сабақтың соңы, 5 мин.</p>	<p>«Сабақты қорытындылау» Соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: - нені білдім, нені үйрендім? - нені толық түсінбедім? - игеру үшін не қажет? деген сұрақтарға жауап іздейтін болады. Оқушылар сабақты үш тілде бағалайды. Үй тапсырмалары беріледі. Мұғалім тарапынан кері байланыс жүргізіледі (сабақ барысында кеткен қателіктер мен артықшылықтар ауызша айтылады).</p>	<p>Бос кеңістік. Әрбір оқушыға «Кері байланыс картасы».</p>
----------------------------------	--	---

<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Арнайы дәрігерлік топтағы оқушылар және сабақтан уақытша босатылған оқушылар көшбасшылық міндетін атқарады. - барлық оқушылар қыздырыну жаттығуларын орындау кезінде басшылыққа алады; - оқушылардың басым көпшілігі кешенді жаттығуларын орындай алады және босатылған оқушылар бағалайды; - кейбір оқушылар үш нүкте жасап, яғни басқа тұру жаттығуларын орындай алады.</p>	<p>Әр білім алушы өзінің іс-әрекетін сыныптастарымен талқылай алады; оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін дайындалып қойылған белгілі бір критерийлермен немесе кері байланыс беру арқылы жүзеге асыруға болады; нақты бағалау үшін жоғарыда көрсетілген алдын-ала дайындалған критерийлерді пайдаланамын.</p>	<p>Әр оқу тоқсанының басында бекітілген қауіпсіздік техникасы ережелерімен таныстыру; сабақ барысында жайлы жағдай туғызу арқылы тақырыпқа сай әрекет ету мен киінуді қатаң талап ету міндетті; әр оқушының жүрісін, тұрысын назарда ұстау.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</p>	
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		



КАЙРГАЛИЕВА
Илона Нурмагамбетовна,
АЖТС-ның ҚББП-і,
Сырым ауд., БҚО

Қалдықтарды сұрыптау – табиғатты қорғаудың тиімді жолдары



Қысқа мерзімді сабақ жоспары		
Сынып: 7	Қатысқандар саны: 10	Қатыспағандар саны: 3
Сабақтың мақсаты	<ul style="list-style-type: none"> • Өлкеміздің экологиялық жағдайын білу үшін ізденуге баулу; • қоршаған ортаны қорғауға, елін, жерін сүйуге, мейірімділікке тәрбиелеу, экологиялық тәрбие беру; • табиғат-анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу; • қайта өңделетін материалдарды пайдаланып, макет жасау; • шығармашылық топ және топта жұмыс істеу дағдыларын дамыту. 	
Бағалау критерийі	<p>Оқушы мақсатқа жеткенде:</p> <ul style="list-style-type: none"> • экологиялық идеяны түсіндіре алады; • қайта қолданылатын материалдарды тиімді пайдаланады; • макетті ұқыпты әрі шығармашылықпен орындайды. 	
Құндылықтарды дарыту	<ul style="list-style-type: none"> • Табиғатты аялау; • ынтымақтастық; • жауапкершілік. 	
Пәнаралық байланыс	Биология, география.	

Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>I. Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>1. Сәлеметсіздер ме, оқушылар, бүгінгі экология сағатымызға дайынсыздар ма? Сабағымызды бастамас бұрын шаттық шеңберіне тұрып, сыныпта ынтымақтастық ахуал қалыптастыру үшін «Shopping» ойынын ойнайық.</p>	<p>Оқушылар сәлемдеседі. Шаттық шеңберінде тұрып, өз бойындағы бір «жағымсыз» қасиеттен арылып, жанында тұрған досының бойындағы жақсы бір қасиетін «сатып» алады.</p>	«Жарайсыңдар!»	 <p>«Фри» әдісі</p>

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Ойын барысында барлығымыз өз бойымыздағы «жағымсыз» қасиеттерден арылып, «жағымды» қасиеттерді жинаймыз.</p> <p>II. Топқа біріктіру «Фри» әдісі арқылы 4 топқа бірігеді. I топқа «Қағазға» байланысты жазылған сөзі бар кеспе қағаздарды алған оқушылар отырады. II топқа «Шыныға» байланысты жазылған сөзі бар кеспе қағаздарды алған оқушылар отырады. III топқа «Пластикке» байланысты жазылған сөзі бар кеспе қағаздарды алған оқушылар отырады. IV топқа «Тұрмыстық қалдықтарға» байланысты жазылған сөзі бар кеспе қағаздарды алған оқушылар отырады.</p>	<p>(Мысалы, Ислам: Мен өз бойымдағы «ашуланшақ» қасиетімді сатып, жанымда тұрған Айарудың «сабырлық» қасиетін сатып аламын.)</p> <p>Оқушылар қолдарына алған кеспе қағаздар арқылы қай топта отыру керектігін анықтап, «Қағаз», «Шыны», «Пластик» және «Тұрмыстық қалдықтар» топтарынан орындарын тауып отырады.</p>		<p>Қағаз</p>  <p>Шыны</p>  <p>Пластик</p>  <p>Тұрмыстық қалдықтар</p>
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>III. Экология сағатының тақырыбын ашу үшін бейнеролик көрсетіледі</p> <p>Оқушылар, өздерің көрген бейнероликтен қандай ой түйдіңіздер және бүгінгі экология сағаты не туралы деп ойлайсыздар? Әрине, бүгін біз табиғат туралы, қоршаған ортаның ластануы туралы және оны шешу жолдары, қоқыстарды сұрыптау туралы айтатын боламыз.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Адам - табиғаттың ажырамас бөлігі дегенге келісесіздер ме? 2. Қоршаған ортаның ең басты мәселесі (проблемасы) не? 3. Қоршаған ортаның ластануына ең басты әсер етуші фактор не? 4. Қоршаған ортаның ластануының қандай түрлерін білесіздер? 5. Қоқысты қалай сұрыптауға болады? 	<p>Оқушылар өз ойларын ортаға салады, сабақтың тақырыбының табиғат туралы және оның ластануы, қоқысты сұрыптау туралы екендігін айтып,әр топ өз ойларымен бөліседі. Сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Жарайсыңдар!</p> <p>Сұрақтарға толық жауап бердіңіздер.</p>	<p>Қорапшалар, маркер</p> <p>Бейнеролик https://youtu.be/dI1WVnZkK2I?si=1Bu14PSrgZ8f2y67</p> <p>https://youtu.be/gMZBiSjygyA?si=cch8f_xJSX_EjghQ</p>

	<p>«Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы ойларымен бөліседі. Тапсырма: Топпен жұмыс: • Қайта өңделетін материалдардан экологиялық макет жасау Оқушылар макетте: • қоқысты сұрыптау жәшіктері • ағаштар Мұғалім қолдау көрсетеді, қауіпсіздік ережесін ескертеді.</p>	<p>Аталмыш мәселелердің шешу жолдарын «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы талқылап, ортақ шешімге келіп, көрсетілген мәселелердің шешу жолдарын түсіндіреді.</p>		 Топтық жұмыс
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Қорытындылау кезеңі • Әр топ өз макетін қорғайды. • «Бұл макет табиғатты қалай қорғайды?» талқылау. «WhatsApp» әдісі, өз ойларын қағаз бетіне түсіру арқылы хат жолдау: 1. Қоршаған ортаны қорғау туралы заңды күшейту керек. 2. Табиғатты таза ұстауды әркім өзінен бастау керек. 3. Табиғи жолмен тез ыдырайтын заттарды пайдалану керек. 4. Қоқыстарды қайта өңдеу керек. 5. Суды үнемдеу керек. 6. Топыраққа кері әсерін тигізетін химикаттарды қолданбау керек. 7. Қоқысты сұрыптауды үйрену керек. Мұғалім: Мінекей, оқушылар, сабағымыз да өз мәресіне жетіп қалды. Өздерің әртүрлі бейнероликтерді, табиғат туралы мәліметтерді оқып, қоршаған ортамызды қорғауды өзімізден бастау керектіген түсіндіңіздер деп ойлаймын. Өйткені табиғат тағдыры - адам тағдыры. Ендеше сабағымызды мына өлең шумағымен қорытындылайық: «...Табиғаттың тарылтпайық мөлдір таза тынысын, Пәк табиғат, әр жүректің тамылжыған жырысың! Ей, адамзат, ақылға сал, қатігездік жасама, Өзің дағы содан тудың, табиғаттың ұлысың!...» Үй тапсырмасы: «Қоқыстан да пайда бар» тақырыбында шағын эссе жазу.</p>	<p>Қорытындылау кезеңі Оқушылар қоршаған ортаның ластануының шешу жолдарын үндеу ретінде дайын хаттарға жазып, әр топ «WhatsApp» әдісі арқылы жібереді.</p> <p>Рефлексия: • «Маған ұнады?» • Не қиын болды? Смайлик, ауызша кері байланыс.</p> <p>Оқушылар сабақтан алған әсерлерімен бөліседі.</p>	<p>Сабаққа белсене қатысқан оқушыларды бағалау.</p>	



Орал музейлеріне саяхат



ТЛЕПБЕРГЕНОВА
Нұргүл Қаныбекқызы,
Қаршы ЖОББМ-нің
музей жетекшісі,
Ақжайық ауд., БҚО

АБДРАХИМ
Гауһар Ақсұңқарқызы,
Қаршы ЖОББМ-нің
үйірме жетекшісі,
Ақжайық ауд., БҚО

Қаршы жалпы орта білім беретін мектебінде оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында 8-сынып оқушылары үшін Орал қаласындағы Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі, табиғат және экология музейі, М. Мәметова музейі және кинотеатрларға саяхат ұйымдастырылды.

Облыстық тарихи-өлкетану музейінің тарихы 1836 жылы басталған, яғни бұл Қазақстандағы ең ерте құрылған музейлердің бірі болып табылады. Алғашында музей әскери училище жанында құрылған, мұнда мектеп оқытушылары мен зерттеушілер материал жинаған. Қазіргі ғимараты 1879 жылы шығыстық стильде салынып, орыс-қырғыз колонер мектебі ретінде пайдаланылған. Кейіннен сол ғимарат музейге берілген және сол қалпында тарихи және мәдени ескерткіш ретінде сақталған. Музейде 100 000-нан астам жәдігерлер сақталған. Бұл экспонаттар өңірдің ежелгі тарихынан бастап бүгінгі күнге дейінгі даму кезеңдерін көрсетеді: археология және ежелгі тұрғындар мәдениеті, этнография (халықтың тұрмыс-салтын көрсету), облыстағы тарихи оқиғалар мен тұлғалар жайлы материалдар, өнер тарихы, әдебиет пен білім тарихы. Музей тек бір ғимаратпен шектелмей, өңір тарихын толық көрсету мақсатында қосымша бөлімдер мен филиалдарды қамтиды. Мысалы, табиғат және экология бөлімі, белгілі адамдардың мемориалды музейлері сияқты басқа объектілерді де көрсету деректері бар. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде оқушылар археологиялық қазбалар кезінде табылған қыш құмыралар мен ыдыстарды, қола және темірден соғылған жебе

ұштарын, еңбек құрал-жабдықтарын көрді. Сонымен қатар, көне дәуір тарихы мен мәдениетін бейнелейтін тұрмыстық заттар, түрлі әшекей бұйымдар, тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы құнды мағлұматтар алды.

Қазақтың батыр қызы Мәншүк Мәметованың мемориалдық музей-үйіне барып, тарихымен танысу өз алдына ерекше саяхат болды. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейіне қарасты мекеме жарты ғасырға жуық уақыт бойы Орал қаласының тұрғындары мен қонақтарына қызмет атқарып келеді.

Музей екі бөліктен тұрады. Үйдің сыртқы жағында «Мәншүктің өшпес ерлігі» диорамасы орналасқан жеке ғимарат бар. Бұл ғимараттан Ұлы Отан соғысы және Мәншүк Мәметова туралы деректер, құжаттар, аудио және бейнематериалдар көрдік. Ал үйдің ішінде Мәметовтер отбасының қолданған бұйымдарын көріп, бір мезгіл Мәншүктің кішкентай кезін көргендей боласың екен. Музей экспозициясына қойылған әрбір жәдігер Мәншүктің өмір сүрген кезеңдерінен тарихи сыр шертеді. Онда 1930 жылдардағы Мәметовтер отбасының тұрмысы мен ішкі көрінісі көрсетілген: орындықтар, айна, сандық, ыдыс, «Zinger» тігін машинасы, қобдишалар, кестелер, хаттар, жеке самаурын және басқа да заттар бар. Сондай-ақ, музейде Мәншүктің анасы Әмина Сүлейменова тапсырған бірегей, түпнұсқалық экспонаттар сақталған. Оқушылар музейден Кеңес Одағының Батыры, Ұлы Отан соғысының аса көрнекті қаһармандарының бірі, бірінші қазақ қызы – «Герой Советского Союза» атағын алған майдангер

қыз Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметованың өмірбаянымен толық танысты.

Табиғат және экология музейі негізінен табиғат, экология және қоршаған орта тақырыптарына арналған. Зерттеу бөлмелерінде фауна (жануарлар) мен флора (өсімдіктер) үлгілері көрсетілген. Алғашқы залдарда фоссилдер, ертедегі тіршілік иелерінің қаңқа және бөліктері (кейде мамонттар, динозаврлар) орналастырылған. Музейде оқушылар географиялық карталармен, өңірімізде кездесетін кен байлықтарының үлгілерімен, өсімдіктер мен жануарлардың қалыптарымен танысып, табиғатты қорғаудың маңыздылығын түсінді.

Саяхат барысында оқушылардың танымдық қызығушылығы артып, бір-бірімен достық қарым-қатынасы нығая түсті.

Саяхат соңында оқушылар кинотеатрға барып, «Ыстық ұя» көркем фильмін тамашалады. Күн соңында балалар көтеріңкі көңіл-күймен, жақсы әсермен үйлеріне оралды.

«Орал қаласындағы музейлерге барған саяхат біз үшін өте қызықты әрі пайдалы болды. Облыстық тарихи-өлкетану музейінде көне заманнан қалған құнды жәдігерлерді өз көзімізбен көріп, ата-бабаларымыздың өмірі мен тарихы туралы тереңірек мағлұмат алдық. Әрбір экспонат өткен күндерден сыр шертті және бізді тарих әлеміне жетеледі», – деп балалар өз әсерлерін бөлісті.

Ата-аналар өз алғыстарын былай білдірді: «Балаларды Орал қаласындағы музейлерге апарып, тарихи және мәдени орындармен таныстыру – өте құптарлық әрі тәрбиелік мәні зор іс деп санаймыз. Мұндай танымдық саяхаттар балалардың ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай,

туған елінің тарихы мен мәдени мұрасына деген құрметін арттырады. Баламыз бұл сапардан ерекше әсермен оралып, көрген-білгенін қуана әңгімелеп, алған білімін бізбен бөлісті. Музейлерде ұсынылған жәдігерлер мен тың мәліметтер балалардың тарихи танымын кеңейтіп, білімге деген қызығушылығын одан әрі арттырғанын байқадық. Осындай мазмұнды әрі пайдалы іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін мектеп әкімшілігіне, сынып жетекшісіне және жетекші ұстаздарға ата-аналар атынан шынайы алғысымызды білдіреміз. Алдағы уақытта да балалардың жан-жақты дамуына бағытталған осындай тәрбиелік шаралар жалғасын табады деп сенеміз.»

Сынып жетекшісі: «Бұл танымдық саяхаттың тәрбиелік және білімдік маңызы зор болды. Оқушылар музейлерде өздерін тәртіпті ұстады, қоғамдық орындарда мәдениеттіліктің үлгісін көрсетті. Экскурсия барысында белсенділік танытып, қойылған сұрақтарға қызығушылықпен жауап берді және жаңа ақпараттарды мұқият тыңдады. Саяхат кезінде оқушылардың бір-біріне деген сыйластығы артып, өзара көмек көрсетуі мен ұжымдық қарым-қатынасы нығая түсті. Топпен жұмыс жасау, ортақ пікірге келу дағдылары қалыптасып, жауапкершілік сезімі артты. Мұндай мазмұнды әрі танымдық іс-шаралар оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, тарихи-мәдени құндылықтарды бағалай білуге, туған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыруға үлкен ықпал етеді деп есептеймін. Алдағы уақытта да осындай пайдалы саяхаттар жүйелі түрде ұйымдастырылса, оқушылардың жан-жақты дамуына мол мүмкіндік берері сөзсіз», - деп өз пікірін білдірді.





Туристік кедергілерден өту тәсілдері





ТУЛЕШОВА
Салтанат Сатыбалдиевна,
АЖТС-ның ҚББП-і
педагог-сарапшы,
Жаңақала ауд., БҚО

Қысқа мерзімді (күнделікті) жоспары

Бөлім	Спорттық бағдарлау	Барлық оқушы - 15	Қатысқаны - 13
Күні	08.10.2025 ж.		
Үйірме атауы	«Жас бағдарлаушы» үйірмесі		
Сабақтың мақсаты	Туристік жорықтар кезінде кездесетін кедергілер түрлерін анықтау. Әр кедергіден өтуге қажетті әдіс-тәсілдермен таныстыру, спорттық бағдарлау бағыттарын түсіндіру. Қауіпсіздік шараларын сақтау маңыздылығын түсіндіру. Командалық жұмыс пен жауапкершілікті қалыптастыру.		

Сабақтың кезеңі/ Уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5 минут	I. Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, сыныпты түгендеу. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру және тақырыпқа шығу мақсатында « Нөсер жаңбыр » жаттығуы арқылы оқушыларды топқа бөліп, тақырыпқа шығу. Нөсер жауынның музыкасы қойылады. Оқушыларға 3 түсті қолшатыр таратылады.	1. Мұғаліммен амандасу. 2. Әр оқушы өзінің көршілес досына тілек білдіреді. Оқушылар топтық жұмыс арқылы бір-бірін құрметтейді, сыныптастарының жауаптарын тыңдайды, талдайды және қорытынды жасайды.	Өте жақсы!	ru.freerik.com 
10 минут				Қолшатыр арқылы жаңбырдан қорғанып, орындарына отыра қалады, таңдаған қолшатыр түсіне қарай топқа бөлінеді: 1 топ – сары 2 топ – қызыл 3 топ – жасыл.

<p>30 минут</p>	<p>II. Кіріспе бөлім</p> <ul style="list-style-type: none"> Туризм және жорық кезіндегі кедергілер туралы жалпы мәлімет. Кедергілердің негізгі түрлерін атау (су кедергілері, жер бедері, табиғи кедергілер, т.б.). <p>III. Негізгі бөлім</p> <p>1. Кедергілерден өту тәсілдерімен таныстыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> өзеннен өту (жаяу, арқанмен, салмен); таулы жерден өту (қауіпсіздік ережелері, сақтандыру); орманды аймақтар (бағытты дұрыс ұстау, кедергілерді айналып өту); батпақ немесе сазды жерлер (таяқ қолдану, бір-біріне көмектесу). <p>Кедергілерден өту түрлерін түсіндіру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бөрене арқылы өту (сақтандырумен); - өткелдерден өту; - жүзу құралдарындағы өткел; - еңіспен көтерілу, түсу, еңістің траверсі спорттық тәсілмен (арқанмен немесе альпенстокпен). <p>2. Қауіпсіздік ережелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану. Командалық байланыс. Алғашқы көмек көрсету. <p>3. Бейнематериал көрсету (видео көру)</p> <ul style="list-style-type: none"> Кедергілерден өту бойынша нақты көріністер. Видеосабак «Туристік кедергілер жолағынан өту». 	<p>Оқушылар сергіту сәтін жасайды, топтарға бөлінеді.</p> <p>2. Оқушылар жеке өздері берілген тапсырманы орындайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - рюкзак жинау; - дәрігерге дейінгі көмек көрсету, жәбірленушіні тасымалдау; - топография; - бағдарлау элементтері: азимут бойынша қозғалыс; картамен жұмыс; жергілікті белгілер бойынша бағдарлау; қашықтықты көзбен анықтау. 	<p>Жақсы жауап бердіңіздер!</p>	
<p>30 минут</p>	<p>Кедергілерден өту түрлерін түсіндіру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бөрене арқылы өту (сақтандырумен); - өткелдерден өту; - жүзу құралдарындағы өткел; - еңіспен көтерілу, түсу, еңістің траверсі спорттық тәсілмен (арқанмен немесе альпенстокпен). <p>2. Қауіпсіздік ережелері:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жеке қорғаныс құралдарын пайдалану. Командалық байланыс. Алғашқы көмек көрсету. <p>3. Бейнематериал көрсету (видео көру)</p> <ul style="list-style-type: none"> Кедергілерден өту бойынша нақты көріністер. Видеосабак «Туристік кедергілер жолағынан өту». 	 <p>Қауіпсіздік ережелерін қайталайды, сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Өте жақсы!</p>	<p>Видео көру: «Туристік кедергілер жолағынан өту» YouTube: Краевой центр молодежных инициатив</p>  
<p>5 минут</p>	<p>Кері байланыс, қорытынды: оқушымен формативті бағалау арқылы орнату: - қайталау сұрақтарын беру</p>	<p>Оқушы өз пікірін айтады, қатемен қайта жұмыстануға мүмкіндік алады.</p>	<p>БАҒАЛАУ ШКАЛАСЫ</p> <p>1-3 БАЛЛ - «2» 4-6 БАЛЛ - «3» 7-8 БАЛЛ - «4» 9-10 БАЛЛ - «5»</p> 	



Өлкетану музейіндегі саяхат сабақ



СУПУГАЛИЕВ
Есмагзом Жүсіпұлы
«Атамекен» БЖТжЭО-ның
ҚББП-і, педагогика
ғылымдарының магистрі
Орал к., БҚО

Туған жеріміздің тарихын тереңірек білу мақсатында «Атамекен» балалар-жасөспірімдер туризмі және экология орталығының оқушыларын қаламыздағы Облыстық тарихи-өлкетану музейіне апарып, саяхат сабақ өткіздім. Оқушылар құнды деректерді көріп, біліп, танысып, білімдерін толықтырып келді.

Сабақтың мақсаты:

- оқушыларды қоғамдық пайдалы ғылыми-зерттеу қызметіне тарту;
- өлкетану және музей ісі арқылы өлкенің тарихи-мәдени және табиғи мұраларын зерттеп, қорғау;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың азаматтық сана-сезімін қалыптастыру және отаншылдық рухта тәрбиелеу.
- оқушылардың демократиялық қоғамда қажетті дағдыларын қалыптастыру.

I. Сабақтың кіріспе бөлімінде музей қызметі туралы жалпы мәлімет берілді.

II. Сабақтың негізгі бөлімі.

1) Экскурсия тыңдау: Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі - Қазақстанның көне музейлерінің бірі. 1836 жылы құрылған. Ғимаратына келсек, 1879 жылы мавритан стилінде салынған. Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейінде бүгінде 190 жылдық тарихы бар артефактілер кездеседі. Бүгінгі күні БҚО тарихи-өлкетану музейінің Жәңгір хан атындағы тарихи-этнографиялық музейі, Е.Пугачев музей-үйі, А.С.Пушкин музейі, С.Ғұмаров музей-

үйі, Табиғат және экология музейі, Рухани жаңғыру музейі, облыс аудандарында С.Датұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі, М.Мерәліұлы атындағы тарихи-өлкетану музейі, Д.Нұрпейісова атындағы өнер музейілері жұмыс істеп, халыққа қызмет көрсетуде. Оқушылар бұл музейді алғашында Орал әскери училищесінің педагогі М.К.Курилиннің ұйымдастырғандығынан хабардар болды. Одан кейін Орал казактарының тарихи музейіне айналғандығын, кейін облыстық тарихи музейі болып қайта құрылғандығын білді. Осы жылдар ішінде еліміздегі ең мықты музейлердің бірі ретінде жұмыс жасап келгендігін білдік. КСРО мәдениет министрлігінің Құрмет белгісімен марапатталған. Музейде 100 мыңнан астам экспонаттар сақталғандығын білді.

Музей экспозициясы Ақ Жайық өңірінің тарихи дамуын кезең-кезеңімен сипаттайтын 7 экспозициялық залдан тұрады екен:

1. Археология залы - Қырық оба, Сегізсай (Лебедевка) қорымдарынан табылған жәдігерлер негізінде өңірдің ерте дәуір тарихы ұсынылған. Ерекше орын алатын артефакт - 2012 жылы Теректі ауданы, Долинное ауылынан табылған, савромат-сармат кезеңіне жататын «Алтын ханшайым» кешені.

2. «Жайық қалашығының тарихы» залы - Жайық қалашығының өркениет ошағы ретінде қалыптасу тарихын баяндайды. Залда көне қоныс орнының макеті мен болашақта жүзеге асырылатын ашық аспан астындағы музей жобасы таныстырылады.

3. «Қазақ хандығы және Бөкей Ордасы» залы - Қазақ хандығының құрылуы, билік құрған хандар (Керей, Жәнібек, Кенесары, Жәңгір хан) туралы құнды деректер, қазақ халқының шаруашылығы мен тұрмысы, киіз үй фрагменті арқылы ұсынылған.

4. «Жауһар жәдігерлер» залы - музейдің зергерлік әшекейлер мен күміс бұйымдар коллекциясымен қатар, Ә. Қастеевтің 1941 жылы салған «Қыз Жібек пен Төлегеннің кездесуі» атты түпнұсқа графикалық жұмысы көрсетіледі.

5. «XX ғасыр тарихы» залы - XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының саяси қызметін, Алаш қозғалысының құрылуын, Жаһанша және Халел Досмұхамедовтердің қоғамдық-саяси қызметін сипаттайтын мұрағаттық материалдар ұсынылған.

6. «Өнер» залы - Құрманғазы, Дина, Сейтек, Мұхит, Ғарифолла секілді өнер тарландарына арналған жәдігерлерден тұрады. Залда Құрманғазы атындағы ұлт-аспаптар оркестрінің тарихы, Қали Жантілеуовтің домбырасы, Тұяқберді Шәмілов пен Марат Бисенғалиев туралы деректер қамтылған.

7. «Тәуелсіз Қазақстан» залы - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы дамуы, Елтаңба, Ту, Әнұран, Астана қаласының даму тарихы, облыстың экономика, білім, мәдениет, спорт салаларындағы жетістіктері көрініс табады.

III. Сабақтың қорытынды бөлімі. «Жайық жауһарлары» залында қыз баладан әжелерге дейінгі аралықтағы зергерлік бұйымдар туралы сұрақтарға жауап беріп, сабақты пысықтадық.

1) Қазақ аналары, қыздары ас қамдаса да, бала

шомылдырса да қолынан күміс жүзігін алмаған, неліктен?

Жауабы: Күмістің тартымды, сиқырлы қасиеті бар деп есептелінген. Күмістің тіл-көзден, түрлі сырқаттан сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген.

2) Құстұмсық жүзік пен құдағи жүзіктің қандай тәрбиелік мәні бар?

Жауабы: құстұмсық жүзікті бойжеткен қыздар таққан, бұл жүзік — бақыттың, тәуелсіздіктің, құс тәрізді еркіндіктің белгісі.

3) Шекелік, шашбау, шолпыны не үшін таққан?

Жауабы: қыздарды тіл-көзден, теріс энергиядан сақтайтын құрал ретінде, жүріс-тұрысын дұрыс қалыптастыруға да таққан, т.б.

Сабақтан нені білді? Балалар музей ішіндегі «Зергерлік залындағы» экскурсияда ұзақ жүрді. Қыздар зергерлік бұйымдарды таңдана қызықтады. Жайық қалашығында жүргізілген қазба жұмыстары кезінде табылған керамикалық таңбалар, кірпіш, тиындар тарихы қызықтырды. Музейдегі әрбір жәдігердің қысқаша тарихынан толық мәлімет алды. Қазақ халқының даму тарихындағы ата-бабамыз жүріп өткен ұзақ та қиын-қыстау тарихынан үлкен сабақ алды.

Музейлерге барып, осындай тарихи жәдігерлер арқылы тарихымызды біліп өскен қай азамат болса да болашаққа деген ұмтылысы, білімі, тәрбиесіне үлкен үлес қосары анық. Музейде өткен жанды, саяхат сабақтары өлкеміздің тарихын тереңірек білуге, түпнұсқа жәдігерлерді көруге мүмкіндік береді. Бұл сабақтар оқушылар бойында адами құндылықтарды сіңіруде үлкен жетістіктерге жетелейді деп ойлаймын.



VII облыстық «Арусталады шекеңі» жүрдеінің жеңімпаздарын құттықтаймыз!



Жалпы орта білім беретін мекемелерде
«Туристік-өлкетану қызметін
үздік ұйымдастырғаны үшін»
номинациясының иегері
Бөрлі ауданы, Ақсай қ., № 7 ЖОББМ
директоры
**ДОСКАЛИЕВА
ШОЛПАН ГАББАСОВНА**



«Мектепке дейінгі білім беру мекемелері»
номинациясының иегері
Бәйтерек ауданы,
ЖШС «Гульнафис»
жеке «Ақбота» балабақшасы
директоры
**АТКЕЕВА
АЛИСА ЕРЛАНОВНА**



«Туристік-өлкетану және экология қызметі
саласын дамытудағы меценаттық қызметі үшін»
номинациясының иегері
Орал қаласы, «Silk Way Trade» ЖШС
директоры
**ДҮЙСЕНГАЛИЕВ
АЛДАН МАРДАНОВИЧ**



«Балалар туризмін дамытуда өз үлесін қосқаны
үшін» номинациясының иегері
«Бәйтерек ауданының мәдениет, тілдерді дамыту,
дене шынықтыру және спорт бөлімі»
ММ басшысы
**ДУЗБАТЫР НҮРЖАН
ТОҒЫЗБАЙҰЛЫ**

БКОБЖТЖЭО – Батыс Қазақстан облыстық балалар мен жасөспірімдер туризм және экология орталығы
ҚББП-і – Қосымша білім беру педагогі
Ауд. – ауданы, обл. - облысы
ЗКОЦДЮТиЭ – Западно-Казахстанский областной центр детско-юношеского туризма и экологии
ПДО – педагог дополнительного образования
Обл. – область

2025 жыл - БҚО туристік-өлкетанулық, экологиялық қызметінің рейтингі

